



## БАС ПРОКУРОР ЕСЕП БЕРДІ



Мемлекет басшысы Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетовті қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурордың еліміздегі заң нормаларының сақталуы жөніндегі есебін тыңдады.

Президентке елдегі қылмыстық ахуал, соның ішінде алаяқтық, балаларға қатысты зорлық-зомбылық, заңсыз есірткі айналымы және басқа да қауіпті құқықбұзушылықтарға қарсы күресті үйлестіру шаралары туралы ақпарат берілді.

Ғизат Нұрдәулетов қылмыстық іс жүргізудің үш буынды моделіне өтудің алғашқы кезеңінің іске асырылу барысы және 2022 жылдан бастап енгізіле бастайтын екінші кезеңге дайындық жөнінде есеп берді.

Мемлекет басшысына ел ішінде резонанс тудырған қылмыстық істерді тергеу нәтижелері және қоғамдық мүдделерді қорғау жөніндегі жұмыстардың қорытындысы туралы баяндалды. Бас прокурордың мәліметіне сәйкес, прокуратура органдарының қабылдаған шараларының нәтижесінде жыл басынан бері 5 мыңға жуық азаматтың, 92 мың

кәсіпкердің құқығы қорғалып, бюджетке 17 миллиард теңге қайтарылған. 11 мыңнан астам тұлға түрлі жауапкершілікке тартылған.

Сондай-ақ қылмыстық-құқық саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, Бас прокурор өзге елдермен жасалатын келісімдер мен алда болатын көпжақты іс-шараларға қатысу жоспарларымен бөлісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық өмірдің барлық саласында заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңызын атап өтіп, Ғизат Нұрдәулетовке бірқатар тапсырма берді.

Серікбай ТРҰМОВ,  
Маңғыстау облысының әкімі:

## МАЛ АЗЫҒЫН ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТЕМІЗ

Маңғыстау облысы кейінгі жылдары туристік тұрғыда тартымды аймаққа айналып келеді. Дегенмен өңір дамуында өзге салалардың да үлесі зор. Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде аймақ қарыштап дамыды. Елдің ірі көлік-логистикалық орталықтарының біріне айналды. Осы орайда біз облыс әкімі Серікбай Трұмовтан тәуелсіздік жылдарындағы аймақ жетістіктері мен атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде сұраған едік.

4 ►►

## МӘДЕНИЕТ пен СПОРТТЫҢ еншісі бөліне ме?



Өзүірімдеп жүріп Токио Олимпиадасын да өткердік. Қазақстан құрамасының нәтижесі жанкүйер қауымның көңілін көншітпегені айдан анық. Сегіз қоланы серік етіп, спортшылар елге оралды. Дегенмен бір мәселенің тиегі ағытылғалы тұр. «Көрсеткіш неге нашар болды?» деп спорт саласындағы басшылардың бір бас қосары анық. Ал бұл тұста қоғам да үнсіз қалған жоқ. Көпшілік қазіргі Мәдениет және спорт министрлігін екіге бөлуді ұсынып жатыр. Дегенмен бұл бастама келешекте спорттың дамып кетуіне кепіл бола ала ма?

5 ►►

## Менталды денсаулық та маңызды

Жақында спорттық гимнастикадан Токио Олимпиадасында сынға түскен Симона Байлздың әрекетіне бәрі таңғалды. Өйткені сарапшылар биыл оны 6 алтын медаль алады деп болжаған. Ал ол болса, менталды денсаулығына алаңдап, жарысты жалғастырудан бас тартты. Сөйтсе, Байлз бала кезінен психикалық көңіл күйімен күресетін болып шықты. Әрбір сайыс алдында сенімді болу үшін дәрі қабылдап жүрген. Сонда менталды денсаулық анау айтқандай маңызды ма? Елімізде адамдар бұған қаншалықты мән береді?

5 ►►



## ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНАН САБАҚ АЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасында: «Токиода өткен Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 93 спортшы қатысты. Жеңіске жету жолында бар күш-жігері мен шеберлігін көрсеткен атлеттерге алғысымды білдіремін. Олимпиаданың қола жүлдегерлерін құттықтаймын. Бұл ұзақ уақыт бойы жүргізген табанды жаттығулардың жақсы нәтижесі. Алайда 8 қола медаль алып, жалпы командалық есепте 83-орынға табан тіреген Ұлттық құраманың бұл көрсеткіші Қазақстанның спорттағы әлеуетіне және мемлекет тарапынан спортты дамытуға бөлініп отырған мол қаражатқа сәйкес келмейді. Ұлттық құраманың Олимпиададағы көрсеткіші спорт секілді аса маңызды салада шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажет екенін көрсетті. Бұқаралық және балалар спортын дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы әлемдік аренада үлкен табыстарға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Токио Олимпиадасынан сабақ алып, Парижде өтетін келесі ойындарда халық үмітін ақтайтындай нәтижеге қол жеткізу керек» деп жазды.

## ТҮРКИЯДАҒЫ ӨРТ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТІКҰШАҚТАР АТТАНДЫ

Қазақстан билігі Түркиядағы орман өртін сөндіруге жәрдемдеспекке бекінді. Сөйтіп, Түркияға 2 арнайы тікұшақ пен 16 құтқарушы жіберді. Осылайша, қазақстандық құтқарушылар 22 жылдан соң шетелдегі төтенше жағдай зардабын жоюға аттанды.



Негізі, Қазақстан дүниенің түрлі аймағындағы төтенше оқиғалардан зардап шеккендерге сан түрлі көмек жасап келеді. Алайда көбіне гуманитарлық көмек көрсетумен шектеледі де, құтқарушы жасағын жөнелткені сирек. Бәлкім, содан да шығар, бауырлас елдерде қандай да бір табиғи немесе техногенді апат бола қалған жағдайда әлеуметтік желі белсенділері «біз неге көмектеспейміз?» дейтін сауал тастайтыны бар.

Былтыр күзде Түркияның Измир қаласы төңірегінде зілзала болған кезде де осы сауал қойылған еді. Бәлкім, көпшіліктің мұндай сұрақ қоюына төтенше жағдай зардаптарын жоюға қатысқан шетелдік, соның ішінде Ресей, Әзербайжан тәрізді бізге етене таныс елдердің әрекеті әсер ете-

тін тәрізді. Оның үстіне, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан мен Қырғыз Республикасы десе, қазақтың елендеп тұратыны тағы бар. Интернетте тарайтын түрлі фото мен видеолардың да әсері аз емес. Сөйтсек, ағайынға қол ұшын созудың түрлі жолы болады екен.

(Жалғасы 6-бетте)

## ШӨПТІҢ БАҒАСЫ КҮЙІП ТҰР

Биылғы қуаңшылық пен аптап ыстықтың салдары салымызды суға кетіретін сияқты. Батыс пен оңтүстік облыстарды былай қойғанда Ақмола облысында да ауыл шаруашылығын кәсіп еткендер күрделі жағдайға тап болған. Қу тақырға айналған шабындық жерлерден шөп таппай қиналған жұрт малына азық таппай сенделгенін айтады. Бағып-қағу қиынға соққан соң жемшөп сатып алу үшін қазірдің өзінде қорасындағы қой-ешкісі мен ірі қара малын арзанға сатпасақ амалы қалмаған. Ал тиын-тебенге сатып алған делдалдар оны қаладағы базарларға қымбатқа өткізуді әдетке айналдырыпты.

Ала жаздай жанбыр тамбаған соң егінмен қоса қыр басына шөп те аз шыққан. Кейбір жерлер мүлде қу тақыр болып, малдың тұяғымен тапталып кеткен. Бұл өз кезегінде шөптің құнын ондаған есе өсіріп, қорасындағы малына сенген ауылдағы ағайынның жайын тіпті қиындата түсіпті. Өйткені осыған дейін шөптің бір орамы 3 мың, яғни 3,5 мың теңгеге бағаланса, енді кемінде 15-20 мың теңгеге дейін бір-ақ көтерілген. Ал бұл қарапайым ауыл тұрғындарына ауыр тиген түрі бар.

«Туғаннан көзімізді мал бағумен ашқан соң тек осы қорадағы он саулыққа қарап отырымыз. Бірақ қазіргі жағдайға қарап,

мұны да қою қажет пе деген ойға қалып отырмыз. Басқа амал да қалмай тұр. Жыл сайын жемшөп қымбаттап барады. Мәселен, биыл әрбір орам шөпті 15 мыңнан сатып алып жатырмыз. Маңайдағы шабындық жерлердің бәрі қу тақыр. Сынған Т-40 тракторымды утилизация арқылы арзанға сатып, ақшасына малға 50 орам ғана шөп алуға мәжбүр болып отырмын. Ал егін аз шыққан соң жемнің бағасы қазірдің өзінде аспандап тұр. Оны қалай аламыз деп тағы уайымдаймыз. Азын-аулақ алған күннің өзінде жемге 1 миллионға жуық кететіні анық болып тұр. Ал сатып алуға келгендер малды арзанға бағалайды. Сиыр етін 1 500-1 800-ден

асырмайды. Ал қала базарларына кемінде 2 500-2 800-ге дейін сатады», — дейді Нұрлықшәуілі Төлеужан Сайлау.

Қорасындағы азын-аулақ малына азық таппағандармен қоса ірі шаруашылық серіктестіктері де мал басын қыстан қалай алып шығатындарына алаңдайды. Мал шаруашылығымен айналысатын фермерлер оған бірнеше себептің барлығын атады. Негізінен жанармайдың қымбаттығы, оған қоса қуаңшылықтан жемшөптің шықпауы себеп болған. Сондай-ақ техникаларға қосалқы бөлшектер кемінде 10 пайызға қымбаттап кеткен.

(Жалғасы 7-бетте)



## Мемлекеттік бюджеттен ақша жымқырған



Олар 2019 жылдың қаңтарынан 2020 жылдың желтоқсанына дейінгі кезеңде жалған іссапарлар ресімдеп, 8,9 млн теңгені қалтаға басқан. Бұл істі Павлодар қаласының №2 соты қарады.

— 2018 жылдың шілдесінде үш мемлекеттік қызметші 1,6 млн

теңге көлемінде кең форматты сканер сатып алуға мемлекеттік

бюджеттен бөлінген ақшаны жымқырған, — деп хабарлады облыстық сот өкілдері.

Облыстық соттың баспасөз қызметінің мәліметінше, куәгерлердің айғақтары, тиісті құжаттар және сот сараптамаларының қорытындылары арқылы облыстық Сәулет басқармасы қызметкерлерінің кінәсі дәлелденген. Сеніп тапсырылған мемлекеттік мүлікті бірнеше рет ірі мөлшерде ысырап еткені үшін ҚК-нің 189-бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) — тармақтарына сәйкес бюджет қаражатын жымқыру бойынша басқарма басшысы, әкімшілік бөлімінің басшысы, бас маман, бөлім басшысының міндетін атқарушы сотталды.

Сонымен қатар тағы бір павлодарлық Қылмыстық кодекстің 364-бабы 1-бөлігі бойынша кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысқаны үшін сотталды.

Г.БЕКЗАТ

## Балушкинге іздеу жарияланды

Forbes тізіміндегі қазақстандық кәсіпкер Анатолий Балушкинге іздеу жарияланды.

Бизнесменді іздеу туралы хабарландыру Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті сайтында «қылмыскерлерді іздеу» бөлімінде пайда болды. Іздеу себептері туралы мәлімет жоқ, алайда сайт мәліметі бойынша, Балушкин тергеуден қашып кеткен.

«Азия Авто» сайтының мәліметінше, Анатолий Балушкин — «Бипэк Авто — Азия Авто» компаниясында директорлар кеңесінің төрағасы. Сонымен қатар Балушкин Forbes нұсқасы бойынша 2020 жылдың желтоқсанында Қазақстанның ең бай 50 кәсіпкерінің тізіміне енген. Оның байлығы 153 миллион долларға бағаланды.



Бұған дейін Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Азия Авто» көлік құрастыру компа-

ниясына талап арызы бойынша шешім шығарған болатын. Сот «Азия Авто» компаниясына мемлекетке 174 миллиард теңге қайтаруды міндеттеді.

Ж.НҰРЛАН

## Есірткі зертханасын ашқан адам сотталды



Алматыда ірі есірткі зертханасын ашқан адам 11 жылға сотталды. Қалада мұндай зертхана бары 2020 жылғы тамыз айында анықталған-ды. Полицейлер оны Наурызбай ауданының аумағында орналасқан бау-бақшалардың бірінен тапқан еді.

«Есірткі зертханасына айналған үйден синтетикалық есірткі өндіруге арналған түрлі жабдық табылды. Сондай-ақ ірі көлемде дайын өнімдер — «Мефедрон» мен а-PVP жүйкеге әсер ететін заттар тәркіленді», — делі Алматы қалалық ПД Тергеу басқармасы бастығының орынбасары Әділ Салаев.

Мәліметке сүйенсек, полицейлерге Алматы қаласындағы көлік-логистикалық компаниялардың біріне синтетикалық есірткі дайындайтын зертхана құралдары тиелген жүк кезіккен. «Жүкке» 45 жастағы К. есімді азамат тапсырыс берген. Арнайы шаралар жүргізілген соң оның заңсыз қызметі мен есірткі зертханасы анықталған. Зертхана иесі ұсталып, ҚР ҚК 297-бабы 3-бөлігі 3-тармағы бойынша айыпты деп танылады. Осылайша, ол 11 жылға бас бостандығынан айырылды.

Айбике ЖАНАСЫЛ

## Қария 12 жастағы қызды зорламақ болған

Түркістан облысында 12 жастағы қызға зорлық жасамақ болған 60 жастағы ер адам анықталды. Өңірдің Полиция департаментінің баспасөз қызметі балаға зорлық жасады деген күдікпен 1961 жылы туған азаматтың ұсталғанын хабарлады.

Тәртіп сақшылары оны Түркістандағы базар маңында ұстаған. Қазір сотқа дейінгі тергеу жүргізу процесі басталып кеткен. Тәртіп сақшылары басқа мәліметтерді жария етпеді. Алайда Instagram-дағы

dudoser тобында dobryaki\_shymkenta еріктілері оның 12 жасар қызды зорлауға тырысқаны туралы жазған екен.

М.ТӨЛЕУ



## Той жасаған шенді қызметінен кетті



Қарағанды облысы «қою қызыл аймақта» орналасқан. Өңірде күн сайын коронавирус жұқтырудың мыңға жуық жаңа жағдайы тіркеледі. Облыстың бас санитар дәрігерінің қаулысымен шектеулер күшейтілді. Дегенмен бұл шектеуді елемеген шенеунік қызметімен қоштасты. Бұл туралы өңір басшысы Жеңіс Қасымбек онлайн режимде өткен аппараттық кеңесте мәлімдеді.

— Бүгіннен бастап Жер қатынастары басқармасының басшысы Максұтов Қалел Мұқатайұлы карантинді өрескел бұзуы, яғни пандемия кезінде той шараларын ұйымдастыруына байланысты қызметінен босатылды, — делі облыс әкімі. — Тағы да ескертемін: мұндай заңсыздықтар үшін жаза өте қатал болады. Мұнда мемлекеттік қызметшінің қызметтік этикасының барлық нормасы бұзылған. Облыста коронавирус инфекциясына қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан үлкен жұмысты құнсыздандырмаңыздар. Тұрғындардың көңілін қалдырмаңыздар. Мәртебе-

леріңіз немесе жұмыс орнына қарамастан әрекеттеріңізге жауап бересіздер!

Жеңіс Қасымбек сондай-ақ мониторинг тобының мүшелерін принциптілікке шақырды.

— Сіздер біреудің мүддесі үшін жұмыс істеу үшін емес, азаматтардың денсаулығын қорғау үшін құрылғанысыздар! Осындай іс-шараларды тоқтатып, жария етіңіздер. Сіздер өздеріңіз бақылау камераларына қарай отырып жұмыс істейтіндеріңізді айтқан болатынсыздар. Сондықтан мұқият қараңыздар. Салынған тыйым барлығына бірдей, — деп атап өтті облыс әкімі.

Оқиға 7 тамызда болған. «109» нөміріне «Ариста» мейрамханасында жаппай іс-шара өткізіліп жатқаны туралы хабарлама келіп түсті. Оқиға орнына Қарағанды қаласының полиция, санэпидбақылау және әкімдік қызметкерлерінен тұратын мобильді топ шықты. Мекеменің жанында көптеген көлік болғандықтан және мейрамхананың өзінде 400-ге жуық адам болғандықтан, аумақты қоршау үшін полицияның қосымша наряды шақырылды.

Карантин режимін бұзу фактісі бойынша СӘК қызметкерлері акт ресімдеді. Мекеме иесіне және іс-шараларды ұйымдастырушыларға айыппұл салынады.

Өткен демалыс күндері облыс орталығы мен Теміртау қаласының басқа да мекемелерінде карантин режимінің өрескел бұзушылықтары анықталды.

Ә.БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

## Таразда тұтқын полицейлердің көзінше қашты



Тұтқынның қашқан сәті бейнебақылау камераларына түсіп қалған. Кейін бұл видео әлеуметтік желілерге тарап кетті. Бейнебақылаудан тұтқынның әйелімен қалай құшақтасқанын көруге болады. Олардың жанында полицияның қызметтік көлігі тұр. Ал ішінде полиция қызметкерлері отыр.

Ер адам осы сәтті пайдаланып, қабырғадағы құбырға өрмелеп, ғимараттың төбесіне шығып кетеді. Полицейлер болса, оны ұстауға тырысып жүр.

Кейінірек ер адамның шынымен қашып кеткені белгілі болды. Арада біраз уақыт өткен соң әлеуметтік желілерде қашып кеткен тұтқынның ұсталғаны туралы тағы бір видео пайда болды.

Ж.НҰРЛАНҰЛЫ

## Шетелге ақша кетіп жатыр



Отандастарымыздың шетелге жіберген ақшасы елге келген ақшадан 3,3 есе көп. Rapping.kz талдаушылары 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында елімізден шетелге ақша аудару жүйесі арқылы жеке тұлғалар 451,9 миллиард теңге жібергенін, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 43,6 пайызға артық екенін хабарлады.

2021 жылдың қаңтар-маусым айларында шетелге 137,8 миллиард теңге жіберілген. Ең көп ақша Өзбекстанға кетіпті — 114 миллиард теңге. Одан кейін Түркия (96,2 миллиард теңге) және Ресей (93,3 миллиард теңге) тұр.

Ақшалай қаражаттың елеулі көлемі қырғыз еліне (76 миллиард теңге) және Қытайға (15,4 миллиард теңге) да жіберілген.

Ал шетелден келген ақша көлемі бойынша Ресей көш бастап келеді — 28,6 миллиард теңге.

Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,3 пайызға аз. Одан соң Өзбекстаннан 22,6 миллиард теңге келген. Бір қызығы, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 72,4 пайызға артық. Үшінші орында Оңтүстік Корея тұр. Пандемияға байланысты бұл елден аударымдар 20,1 пайызға, яғни 20,9 миллиард теңгеге дейін қысқарған.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ



## Сайланған әкімдермен кездесті

«Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев жаңадан сайланған ауылдық округ әкімдерімен кездесті. Облыс басшысы халық таңдауынан шыққан жаңа әкімдерді сайлаудағы жеңістерімен құттықтап, алдағы мақсат-міндеттерін айқындап берді.

— Әкім — істің адамы. Ауыл әкімі халықпен етене араласуға міндетті. Ауыл әкімдерінің қызметі әрбір тұрғынның күнделікті тыныс-тіршілігінде туындайтын қажеттілікпен тікелей байланысты. Сондықтан да бұл — өте абыройлы да жауапты жол. Ең алды-

мен өзекті мәселелерге талдау жүргізіп, проблемалар картасын жасау керек. Оның ішінде басымдыққа ие жобаларды нақтылап, шешу жолдары бойынша ұсыныс енгізу қажет. Ең бастысы, әлеуметтік мәселе. Жаңа жұмыс орындарын ашып, тұрғындарды жұ-

мыспен қамтуға күш салу, жаңа кәсіпорындар ашып, инвестиция тарту керек. Тазалық, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын арттыру, кокыс полигондарының санитарлық жағдайын ретке келтіріп, қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ету керек, — деді Өмірзақ Шөкеев.

Сондай-ақ облыс әкімі заң аясында пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекеттік меншікке қайтару бойынша жұмыстарды жүргізуді жүктелді. Тұрғындардың сұраныстарын ескере отырып, жеке тұрғын үй салуға, шаруа қожалықтарының жұмысына жер бөлу, ортақ жайылым жер мәселесін шешуді тапсырды.

Ауыл шаруашылығы саласында жаңа технологияларды енгізу, тамшылатып суару, жылына 2-3 өнім алу әдісін пайдалану, ағын сумен қамтамасыз ету мақсатында тоғандар салу мүмкіндіктерін зерделеп, ұсыныс енгізуді міндеттеді. Мал басын асылдандыру, ветеринариялық қауіпсіздік жұмыстарына ерекше назар аударуды тапсырды.

Сайлау қорытындысы бойынша Түркістан облысында 60 әкім сайланды. 32 әкім (53%) жаңадан сайланды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

## Жүргізушілердің шағымдарымен танысты

«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының партиялық бақылау комиссиясы жедел медициналық жәрдем қызметі жүргізушілерінің мәселелерін қарады.

Бұған дейін бірқатар БАҚ-та және әлеуметтік желілерде Алматы қаласының жедел медициналық жәрдем қызметі жүргізушілерінің коронавирус инфекциясымен (КВИ) ауыратын пациенттерге шақырулар үшін үстемеақылардан айыру, сондай-ақ шұғыл шақыруларға қызмет көрсету кезінде жылдамдық режимінің асып кетуі мәселесі бойынша шағымдары жарияланған болатын.

Комиссия отырысында жүргізушілердің талаптарын талқылау және сол жерде шешім қабылдау үшін тікелей жүргізушілермен және жедел медициналық көмек қызметінің басшылығымен жұмыс кездесуін ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Арнайы жұмыс тобы құрылды. Топ құрамына комиссия төрағасы, депутат Әміржан Нәбиев, депутат, Алматы қалалық кардиологиялық орталығының директоры Алмат Қодасбаев, комиссия мүшелері, са-



рапшылар және Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшылығы кірді.

Жұмыс тобы жүргізушілердің қызметімен танысты. ЖМЖС директорының дәлелдері, жүргізушілердің талаптары және сарапшылардың қорытындылары тын-

далды. Кездесу қорытындысы бойынша жүргізушілерге заңнама және ЖМЖС тиісті ұсынымдары шеңберінде түсініктеме берілді. Аталған мәселе «Nur Otan» партиясының бақылауында болады.

Әбілмансұр ЖАСАН

## Отбасыларды қолдау орталықтарын аралады

«Nur Otan» партиясының Павлодар облыстық филиалы жанындағы Әйелдер, отбасы және балалардың құқықтары мәселелері жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңес мүшелері мен партия өкілдері отбасы мен балаларды бейімдеу және қолдау объектілеріне мониторинг жұмыстарын жүргізді. Аталған іс-шара «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында ұйымдастырылды.

Отбасы мен балаларды қолдау орталықтарының мониторингін нысандардың көпшілігінде материалдық-техникалық базалардың жанартылғанын және орталықтардың қызметіне сәйкес келетінін айқындап берді. Орталықтардың ережесіне сәйкес мұндағы қызметтердің алуан түрлеріне жіті бақы-



лау жүргізілді. Тексеріс барысында төсек-орындардың жеткілікті болуы, мекемелердегі тәртіп пен тазалық аталған орталық қызметкерлерінің өз қызметін жоғары деңгейде атқаратынын анық көрсетті.

Сондай-ақ мониторинг барысында аталған орталықтардың қызметі бойынша бірқатар сұрақ пен ұсыныс туындады. Ұсыным жасалып, тиісті құзыретті органдарға жіберілетін болады.

А.ЖАСАН

## Туған ауылының тізгінін ұстады

Сарапшылардың пікірі сан алуан болған әкімдердің тікелей сайлауы да өтіп, ел таңдауына ие болғандар ауылдық округтердің тізгінін ұстады. Жетісу жерінде ел сенімін иеленгендер арасында жастардың баршылық екені көңілге көп үміт сыйлайды. Жастықтарына қарамастан, бұған дейін атқарған қызметтерінде өздерін жақсы жақтарынан көрсеткен, жұрттың жүрегіне жол тапқандардың қатарында туған жеріне ту тіккенді жөн көргендер де бар. Солардың бірі Кеген ауданындағы Бөлексаз ауылының әкімі болып сайланған, жасы 30-дан енді асқан Серік Құныпияевқа жолығып, бірер сауалды көлденең тартқан едік. Ауылдың жаңа басшысы бұл сайлауға «Nur Otan» партиясының атынан түскен болатын.



— Серік Тұрғанбайұлы, отызында орда бұзуды жөн көріп, әкімдік тізгінін ұстауға бел буыпсың. Ел басқару онай деп ойлайсың ба?

— Өзім осы жолы әкімі болып сайланған Бөлексаз ауылында дүниеге келгенмін. Осында өсіп-жетілдім. Туған ауылдың тұрғындары сенім білдірген соң, ауылға жетекшілік етуге тәуекел жасадым. Қазақ «отызында орда бұзбасаң, қырыққа қамал ала алмайсың» деген ғой! Әкімдікке сайлауға түсуге қатысты айтарым, бұған дейін құр босқа жүргенім жоқ. Жоғары білімім бар. 2011 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін құрылыс саласы мамандығы бойынша бітірдім. Одан бері де он жыл өте шықты. Біраз қызмет атқардым. Ысыл-дым, тәжірибе жиналдым.

Еңбек жолымды өзім өскен өңірде бастадым. Нақты айтқанда, 2014 жылы Райымбек ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бас маман болып қабылдандым. 2018 жылғы сәуір айынан бастап Кеген ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болдым. Туған ауылымнан қол үзгенім жоқ. Аудандық деңгейде қызмет атқарғандықтан, ауылдағы тірлікті, шешімін күткен мәселелерді жақсы білемін деп айта аламын. Ең бастысы, халықпен тіл табыса отырып, еңбек ету. Сонда ешқандай түсінбестік болмайды. Жетістіктерге де жұмыла отырып, жетеміз.

— Ауылды дамыту арқылы бүкіл елдің өркендеуіне қол жеткіземіз дегенге қалай қарайсың?

— Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартпай, тұтас ел экономикасын көтеру қиын екені рас. Кез келген үлкен дүние шағын бөлшектен тұрады. Соған сай мемлекеттің де мерейінің тасуы сол елдің құрамындағы елді мекендердің жағдайына тікелей байланысты.

Аудандық әкімдікте халықпен қоян-қолтық жұмыс істейтін бөлімде қызмет ету барысында соңғы кездері жиі көтеріліп жүрген жайылым, шабындық жерлер мен таза ауызсу, жол, медицина қызметкерлерінің жетімсіздігі, ауыл мәдениеті мен спорттың дамыту секілді мәселелермен жиі



жолығып, оларды қалай шешуге болатынын зерделедім. «Егер мен әкім болсам, не істер едім?» деген сауалдарға жауап іздедім. Ақыры барлығын басымнан өткізіп көруге, білімім мен білігімді ауыл тірлігін оңалтуға жұмсауға бел буып, сайлауға қатыстым. «Туған жерге туынды тік!» демекші, өз ауылымның көркейіп, өркендеуіне, экономикалық дамуына үлесімді қосайын дедім. Ауыл ажарланса — қазақтың да маңдайы жарқырағаны. Қашанда халқымыз үшін ауыл — руханиятымыздың теміржолы, ұлттық құндылықтарымыздың алтын бесігі, береке мен байлығымыздың бастауы екені даусыз.

— Сайлауды бағдарламада қандай бағыттарды қарастырдың?

— Туып-өскен елімде әкім болу асқан жауапкершілік жүктейтінін сезінемін. Келешекте өз міндетімді атқару барысында округ тұрғындарының, ауыл шаруашылыққа арналған жердің, төрт түлік малдың, әлеуметтік-тұрмыстық нысандардың жай-күйін бағамдап, салық түсімінің толық статистикасын саралау арқылы округтің дәл қазіргі жағдайын және болашақ даму мүмкіндігін анықтап, барлық салалар бойынша стратегиялық даму жоспарын жасаймын. Қолданыстағы заңдар аясында ауылдық аумақтарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалармен жете танысып, жергілікті жердің игілігін толық пайдалану арқылы дамуының жолдарын қарастырып, оларды іске асыру тетігін ойластырамын.

Халықтың тыныс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын үнемі назарда ұстап, қоғамдастық өкілдерімен, аудандық өкімшілікпен және аудандық мәслихатпен, тиісті атқарушы органдармен бірлесіп отырып туындаған мәселелердің шешімін табуға, білікті жас мамандарды тартуға, жастарды

ауылға қажетті мамандықтарға оқытуға ықпал етемін.

Ауыл халқымен араласып жүргендіктен, тұрғындардың күнделікті тірлігін, жағдайын бір кісідей білемін. Жолдың нашарлығы, көше жарығының жетіспеуі, ауызсу тартудың толық аяқталмауы, мәдениет үйінің және ауылдық әкімдік ғимаратының жоқтығы, балабақшаның тарлығы, саябақтың болмауы бәрімізді толғандырады. Бірден шешілмесе, тиісті орындардың көмегіне сүйене отырып, осыларды реттеуге күш саламын. Таза ауызсуға қол жеткізсек, өзіміздің мәдениет үйіміз болса, саябақ пен спорт алаңы жабдықталса, қажетті мамандықтарға оқытсақ ауылда жастар да тұрақтар елі. Жергілікті тұрғындардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, мал тұқымын асылдандыру, жайылым мен шабындық мәселесін шешу кезек күттірмейді. Шағын кәсіпкерлік те көңіл бөлуді қажетсінеді. Көп мәселенің шешімі қаржыға тірелетіндіктен, салық түсімдері көздерін көбейтуге де назар аударған дұрыс. Әрине, сайлауда халық үміт артып, дауыс берген соң, ел сенімін ақтауға және сайлауды бағдарламамның орындалуына бар білімімді, күш-жігерімді, қажыр-қайратымды жұмсаймын. Бөлексаз ауылдық округінің гүлденуіне, көркеюіне, өркендеуіне, экономикасын көтеруге, мәдениетті дамытуға өз үлесімді қосамын деп ойлаймын. Менімің қатарлас сайланған әкімдерге де сәттілік тілеймін.

— Дұрыс. Адам өміріндегі маңызды қадам жасауда ойлану, толғанып барып бір шешімге келеді. Осыған орай өзіңнің ұстанымың туралы айтсаң.

— «Өз елімнің басы болмасам да, сайын тасы болайын» деген ұстанымдамын. Нақты айтқанда, өзімнің ертенімді, ұр-

пағымның болашағын туған жермен бірге қарастырамын.

Адамның болашағы да, өткені де туған жермен тығыз байланыста болады. Халқымыздың кіндік кескен, өсіп-өнген өлкені ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қадірлеу — қанға сіңген мінез, қалыптасқан дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен дарыған. Әр адам өз туған жерін мақтанып етеді. Туған жерге қызмет ету — әрбір азаматтың басты мақсаты. «Ұлтарактай болса да, атақоныс жер қымбат» деген сөз әр адамның жүрегінің түбінде тербеледі.

— Елімізде алғаш рет өткен әкімдердің тікелей сайлауы халықтың дұрыс таңдау жасауына жол ашты, елімізде демократияның дамуына серпін берді деп ойлайсың ба?

— Әрине, бұл жолғы сайлау еліміздегі демократияның жарқын көрінісі болды. Қазіргі сайлаушылар өте сауатты. Олар бәрін біліп отырады. Егер сайланған әкім ел үмітін ақтамаса, сенімсіздік білдіруге толық міндетті. Еліміздегі саяси реформалардың тереңдеуі мемлекетіміздің абырой-беделін арттыра түсетіні сөзсіз. Бірлік бар жерге береке үйіріледі емес пе! Іс оңға басқаннан кейін елдегі жағдайды көріп-біліп, сараптап отырған кәсіпкерлер инвестиция құюы да әбден мүмкін. Ал инвестиция — игіліктің басы. Табыстың тайқазы қайнар болса, ауылдың қуатын арттыруға тетік болатын қаржы ел ішінен ғана емес, алыс-жақын шетелден де келуі ғажап емес. Ендігі жағдайда тікелей сайланған әкім халық алдында берген уәдесіне, өзінің күні бұрын түзген бағдарламасының орындалуына жауапты. Айтқан уақытында орындалмай жатса, сайлаушылар әкімнен «кеше былай деп едің ғой?» деп сұрайды. Ал сұрауы болған дүниенің құралуы қиын емес.

Халық сайлап отырған соң, әкім де белсене жұмыс істеуге мүдделі. Ел таңдауы алдымен елдің мұң-мұқтажын бес сауағындай білетін, ел ішіндегі жұмысты шебер ұйымдастыра алатын азаматқа түсері анық. Әкім сайлауы арқылы кейбір өркениетті елдердегідей электротаратқыш жинай алады. Демек, сайлау — жауапкершілікті күшейтеді. Бюрократия шекпені шешіліп, халықпен ашық араласу жанданады. Билікті орталықсыздандыру, тұрғындардың жергілікті мәселелерді шешуге ықпалын арттырады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Болат АБАҒАН,  
Алматы облысы



Серікбай ТРҰМОВ,  
Маңғыстау облысының әкімі:

# Мал азығын қолжетімді етеміз

Маңғыстау облысы кейінгі жылдары туристік тұрғыда тартымды аймаққа айналып келеді. Дегенмен өңір дамуында өзге салалардың да үлесі зор. Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде аймақ қарыштап дамыды. Елдің ірі көліктік-логистикалық орталықтарының біріне айналды. Осы орайда біз облыс әкімі Серікбай Трұмовтан тәуелсіздік жылдарындағы аймақ жетістіктері мен атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде сұраған едік.

— Маңғыстау облысы инвестиция тарту бойынша республикада үздік аймақтар қатарында. Қай салалар бойынша инвестиция тартылып жатыр?

— Жыл сайын өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту үшін әр салаға қатысты қысқамерзімді жоспарлар қабылдаймыз. Өңірдің негізгі экономикалық бағыты — мұнай-газ саласында. Биыл облыстың мұнай өндіру көлемі 16,8 млн тонна болады деп жоспарланып отыр, бұл былтырмен салыстырғанда 0,4%-ға артық. Жарты жылдың қорытындысы бойынша облыста негізгі макроқорсеткіштер он нәтиже көрсетті. Оның ішіне өңдеу өнеркәсібі, инвестиция, ауыл шаруашылығы, құрылыс жұмыстары, тұрғын үйді іске қосу, сауда және көлік қатынасы кіреді. Бүгінде инвестицияның ең көп үлесі туризм саласында. Осы орайда теңіз жағалауындағы демалыс орындарына байланысты ірі жобалар іске асып жатыр. Оның ішінде бес жүз орындық RixosWaterWorldAktau қонақ үйіне 68 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылды. Биыл қонақ үйдің жалғасы ретінде демалыс аймағын дамытуға 200 миллиардқа жуық инвестиция тартылып жатыр. Бұған бірнеше қонақ үйдің құрылысы, тематикалық парк, сауда орындары, виллалар сияқты жобалар кіреді. Бұл өңірде жаңадан жұмыс орнын құруға, өндіріс көлемдерін арттыруға үлкен септігін тигізеді. Өңірде арнайы экономикалық аймақ бар. Алдағы уақытта шетелдік және отандық инвесторлардың қатысуымен тағы 5 жана жоба жүзеге асырылмақ.

— Өңірдегі туризм саласы қалай дамып жатыр? Облыс көлемінде қандай жобалар жүзеге асуда?

— Маңғыстау өңіріндегі бірден-бір байлығымыз — Каспий теңізі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылы Актауда өткен саммит кезінде «Ақтау заманауи теңіз курортына айналуы тиіс» деген болатын. Біріншіден, былтыр шілде айында RixosWaterWorldAktau көпфункционалды туристік-қонақ үй кешенінің бірінші кезеңі іске қосылды. Екіншіден, өңірімізде қасиетті орындар, жерасты мешіттері, Шеркала, Айрақты, Тамшалы, Бозжыра сияқты тарихи орындар өте көп. Сондықтан облысты туристік аймаққа айналдыруға толық мүмкіндік бар. Облыста туризмді дамытуға арналған өңірлік бағдарлама бар. Осының аясында бірегей бренд-бук, логотип, visitmangystau.kz сайты жасалып, іске қосылды. Осы сайттан тарихи орындарға қалай бару тиімді, гид сияқты барлық ақпаратты табуға болады. Қалалық автобустар мен аялдамалар бірдей стильде безендірілді, туристер үшін облыстың, Ақтау қаласының жолсілтемесі мен картасы жасалды.

Туристерге жағдай жасау үшін жергілікті кәсіпкерлер де атсалысып жатыр. Мысалы, былтыр күзде Ақтау қаласында HolidayInn — Aktau — Seaside қонақ үй кешенін кеңейту шеңберінде аквапарк, бассейн пайдалануға берілді. «Достар»

деп аталатын демалыс аймағында да аквапарк салынып жатыр. Туристердің таңдауы мен бағасына сай келетін әртүрлі орындар бар. Биылдың өзінде өңірге 200 мыңға жуық туристер келеді деп күтіліп отыр. Қазір Актауда отыздың үстінде қонақ үй бар, олардың көпшілігі жаз мезгілінде бос емес. Ақтау қаласы туристік орталыққа айналу үшін әрбір тұрғын осыған мүдделі болуы керек. Себебі әр турист өңір экономикасына өз үлесін қосады. Осы бағытта шетелдермен де тәжірибе алмасып жатырмыз. Өңірде туризм колледжі де осы бағытта жұмыс істейді. Түркия сияқты елдерден көп нәрсе үйренуге ұмтылуымыз қажет.

— Ел арасында көп талқыланған Бозжыра маңында салынатын визит орталық туралы айтып өтсеңіз? Жоба қазір қай сатыда?

— Бозжыра тақырыбы қоғамда көп талқыланды. Инвесторлар барлық ұсыныстар мен талап-тілектерді сараптай келе этноауыл, визит орталық ретінде жобаны қайта жасақтап жатыр. Осы аумақта Жабайұшқан деген қаумалдық бар, біз инвесторларға визит орталық табиғи ортаға зиян тигізбеу керек деген талап қойдық. Қазір мұнда туристер ағылып келіп жатыр. Біз осының барлығын реттегіміз келеді. Себебі Бозжыраның қасына дейін автокөлікпен бару болашақта оның табиғи бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл жерде туристерге барлық жағдайды жасайтындай мүмкіндіктер қарастырылады. Жоба барлық талапқа сай болса, құрылысын бастау жөнінде тиісті шешімдер қабылданады. Жоба басталған соң жарты жылдың көлемінде бітеді деп жоспарланып отыр.

— Тәуелсіздік алғалы Маңғыстау халқының саны екі есе өскен. Халық санының артуы жұмыспен қамту мәселесін тудырады. Бұл мәселені шешу қалай жолға қойылған?

— Облыста халық саны жылдам өсіп келеді. Қазір облысымызда 724 мың халық тұрады. Бұл қандастарымыздың келуіне, туу көрсеткішінің жоғары болуына байланысты. Тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін өңірге инвестиция тартып, жана жұмыс орындарын ашып жатырмыз. Мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасы аясында жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулуға жұмыстар жүргізіледі. Жыл басынан бері осы бағдарлама аясында 13 мыңнан астам адам әртүрлі жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды. «Бастау бизнес» жобасы бойынша 769 адам онлайн оқыту арқылы оқуға жолданды. Гранттар, жеңілдікпен несиелердің барлығы халық өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ету үшін жасалып жатыр. Биылғы біздің межеміз — 32 000-нан астам жұмыс орнын құру. Бүгінде 20 000 жұмыс орны құрылды, оның 15 мыңға жуығы — тұрақты жұмыс орны. Бұлар негізінен құрылыс, туризм саласында, шағын орта бизнес саласында жүзеге асып жатыр. Жанаөзен қаласында

жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, «Жұмыс істеймін» деген бағдарлама қабылдадық. Бұл тұрғындарды кәсіпкерлік мекемелерде жұмысқа орналастыру үшін атқарылып отыр. «Өзенмұнайгаз» бірнеше жылдан бері штатқа адам алуға мораторий бар. Осы мекеменен бірігіп тұрғындарды компанияға кезең-кезеңімен жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін қарап, жүзеге асырып жатырмыз. Мұның барлығы жана жұмыс орнын ашу, халықты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында жасалып жатыр.

— Өңірде ауызсу тапшылығын шешу үшін қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

— Маңғыстауда су тапшылығы мәселесі бар. Былтыр өңірдегі ауызсу мәселесін шешу үшін бес жылға арналған арнайы бағдарлама қабылдадық. Қазір аймақты сумен жабдықтау үш көзден жүзеге асырылады: «Астрахань — Маңғышлақ» су құбыры, теңіз суын тұщыту және табиғи жерасты көздері. Бүгінде ауызсууды тұтыну тәулігіне — 149 мың м³. Алайда бұл әлі де жеткіліксіз әрі жаз мезгілінде жеткірмейді. Бүгінде су көлемінің тапшылығы — 51 мың м³. Осы проблеманы шешу мақсатында ірі жобалар іске асырылып жатыр. «Каспий» су тұщыту зауытының

қуаттылығын тәулігіне 40 мың м³ дейін жеткізудің екінші кезеңі басталды. Осы жұмыстарды биыл не келесі жылдың басында аяқтау жоспарланған. Актауда «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» аумағында тәулігіне 24 мың м³ су тұщыту қондырғысын салудың жобалық — сметалық құжатын жасап жатырмыз. Жанаөзенді сумен қамтамасыз ету мақсатында Кендірлі жерінде қуаты тәулігіне 50 мың м³ су тұщыту зауытының құрылысына техникалық — экономикалық негіздеме жасалды. Үкімет бұл жұмысты «Қазмұнайгаз» тапсырды. Осы жылдың соңына дейін құрылыс жұмыстары басталуы

— Бозжыра тақырыбы қоғамда көп талқыланды. Инвесторлар барлық ұсыныстар мен талап-тілектерді сараптай келе этноауыл, визит орталық ретінде жобаны қайта жасақтап жатыр. Осы аумақта Жабайұшқан деген қаумалдық бар, біз инвесторларға визит орталық табиғи ортаға зиян тигізбеу керек деген талап қойдық. Қазір мұнда туристер ағылып келіп жатыр.

керек. Ал Форт-Шевченко қаласында қуаты тәулігіне 5 мың м³ су тұщытатын жоба жасақтап, экспертизаға тапсырдық.

Сондай-ақ аймақта бірнеше жерасты су көздері — Бейнеуде Төңірекшің, Шетпеде Тасмұрын, Құйылыс деген жерлер бар. Осы үш жердің су көлемін, құрамын анықтауымыз қажет. Кішігірім модульді су тұщытатын қондырғыларды биыл Баянды, Мұнайлыға қойдық. Ақшұқыр елдімекеніне де өзіміздің жергілікті бюджеттің көмегімен қоюды жоспарлап отырмыз. Мұның барлығы алдағы екі-үш жылдың ішінде су тапшылығын шешетін жобалар.

— Жақында Түпқараған ауданында ірі құс фабрикасы іске қосылды. Осы жобаның әлеуеті туралы айтып берсеңіз?

— Мемлекет қолдауы арқасында іске қосылған «Ақтау агро» жылына бес мың тонна құс етін шығарады. Жалпы, жобаның құны — 5,1 млрд теңге. «Ақтау агро» құрылымына құс бағуға арналған цех; 30 мың бас құс сыятын цех; қуаттылығы сағатына екі мың бас құс соятын цех; Мұнайлыда сағатына он мың тонна қурама жем шығаратын зауыт бар. Жалпы, өңірдің құс етіне сұранысы 11,5 мың тоннадан астам, фабрика тек сұраныстың жартысын жабады. Сондықтан кәсіпкерлермен ақылдасып, ұлғайту мақсатында сөйлесіп жатырмыз. Жақында фабрика халал сертификатын алды. Енді жобамызды толықтыратын теміржолдың құрылысы бар. Жақында бюджеттен қаражат бөлініп, құрылысын жасақтап жатырмыз. Теміржол құрылысын аяқтасақ, кешен толыққанды жұмыс істейді. Қазір біз балапан шығаратын жұмыртқаларды Ресейден алдыртып отырмыз. Олардың өз талаптары, бағасы дейтін мәселелер бар. Осыны да өзіміз жасау жоспарда бар. Осы кешеннің іске қосылуы тоқсаннан астам тұрақты жұмыс орнын ашты.

— Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету мәселесі қалай шешіліп жатыр? Жанаөзен тұрғындарын облыс орталығына көшіру туралы айтып өтсеңіз?

— Облысымыз соңғы үш жылда тұрғын үй құрылысы бойынша республикада үздік үштік қатарынан көрінді. Былтыр 1 млн 192 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өңірдегі сұраныспен мемлекет қолдауымен жүзеге асып жатыр. Тұрғындарды үймен қамтамасыз етуге бірнеше бағыт бар: несиелік, жалдамалы тұрғын үй, «Отбасы банк» арқылы берілетін жеңіл несиелер бар. Екі пайыздық несиенен көпбалалы отбасыларға берілетін тұрғын үй бағдарламалары бар. Былтыр «Бакытты отбасы» бағдарламасымен 130 отбасыға берсек, биыл 180-ге жуық отбасыға үй беру жоспарда тұр. Биыл облыста «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша құрылысқа және пәтер сатып алуға 2,4 млрд теңге қарастырылды. Несиелік тұрғын үй бағыты бойынша биыл 1 282 пәтерге арналған тұрғын үйлердің құрылысы аяқталды.

Ал Жанаөзен қаласын кешенді дамытудың жоспарына сәйкес 2019 жылдан бері кезекте тұрған азаматтарға Ақтаудан пәтер беріп, көшіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алғашқы кезекте 2019 жылы 394 отбасын көшірдік. Былтыр «Қазмұнайгаз» АҚ-ның есебінен 150 пәтер сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға үлестірілді. Ал биыл 130 отбасын көшіру үшін тиісті қаражат бөлінді. Өйткені қазір Жанаөзенде тұрғын үй құрылысы жүріп жатқан жоқ. Осыған байланысты жұмыстар атқарылып жатыр. Осы салада жеке кәсіпкерлердің үлесі жоғары.

— Ақтауды жасыл желекпен қамту мәселесі қалай шешіліп жатыр?

— Бұл — өте өзекті мәселе. Бұл — өңірдің табиғи ерекшелігі мен су тапшылығына байланысты туындайтын мәселе. Қазір талды еге бермей, бар талды күтіп ұстауға көбірек көңіл бөлуді тапсырдық. Ол үшін бар талдың суару жүйесін жаңартып, тамшылатып суаруға көшу керек. Қазір барлық жерге желілер тартып жатырмыз. Осы арқылы тұрақты түрде суғаруға көшейміз. Өйткені тұрақты суарылмаған соң, нәтиже көрінбейді. Биыл жергілікті бюджеттен қаланың көгалдандыру жұмыстарына 890 млн теңге қаражат қарастырылған. Бір қиындығы, бұл жұмыс бәсекелестікке берілген. Яғни, жыл сайын конкурс өтеді, жыл сайын кәсіпкер

жинақтайтын орындар даярлап жатырмыз. Төртіншіден, жергілікті бюджеттен 200 млн теңге қаражат бөлінді. Осы бойынша арпа жеткізіп жатырмыз. Басқа облыстармен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Егін орағы енді басталды, осыған орай кебек те өңірге жеткізіледі. Мүмкіндігінше, мал азығын қолжетімді бағада сатуды ұйымдастырып жатырмыз. Өндірістік мекемелер де жанар-жағармаймен қамтуға көмегін көрсетіп жатыр. Бұл жұмыстар жалғасады.

— Облыста маман тапшылығы бар ма?

— Маман тапшылығы медицина, білім, IT саласында бар. Медицина саласындағы мамандарды даярлау бойынша жұмыстар атқарып жатырмыз. Жыл сайын облыстық бюджеттен грант бөлеміз. Былтыр 170 грант бөлік. Биыл да осы шамада, негізінен медицинаға арналған. Биыл осы салаға 65 маман келді. Халық саны мен медициналық мекемелердің өсуіне байланысты бұл әлі де жеткіліксіз. Былтыр Жанаөзен қаласына 220 млн теңге қаражат берілді. Осыған жиырма пәтер алынып, сырттан келген мамандарға берілді. Бір кәсіпкер өңірде медик институт ашқысы келеді. Әрине, мұның барлығы министрліктің шешімімен жүзеге асады. Егер министрлік талаптарын орындай алсақ, өңірден осы институтты ашқымыз келеді. Ал білім саласында математика, орыс тілі, физика мамандары жетіспейді. Гранттар арқылы жергілікті жерде оқып жатқан, БҚО-ның ЖОО бітіріп жатқан түлектерін тартқымыз келеді. Осы жылы 400-ден астам маман келіп жұмыс істейді деп жоспарланып отыр. Қазір облыста 15 үш ауысымды мектеп бар. Биыл оқу жылында үш мектеп пайдалануға беріледі, бес мектептің құрылысы жүріп жатыр және үш жекеменшік мектептің құрылысын бастаймыз деп отырмыз.

— Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай облыста атқарылып жатқан маңызды жобаларды айтып өтсеңіз?

— Биыл — еліміз үшін үлкен мерекелі жыл. Маңғыстау облысында мерекеге орай 153 іс-шара өтеді. Бұл бағытта артық шығынға алып келетін, имидждік, бір реттік шаралар қысқартылды. Халыққа қажетті, әлеуметтік салада маңызды жобаларға ден қойылды. Қазіргі эпидемиологиялық ахуалға байланысты көпшілігі онлайн өтіп жатыр. Өңірдегі мұнай-газ саласының 60 жылдығы да осы мерекеге орайластырылып отыр. 27 өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысанды халық игілігіне тапсыру жоспарланып, бірқатары пайдалануға берілді. Сондай-ақ мерейтой аясында «Ел игілігі үшін!» жобасы жасалды. Ал «Жанарған Жанаөзен» жобасы қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуды, әлеуметтік-мәдени, білім, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды көздейді.

— Өңірдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселесі туралы жөніндегі жұмыстар туралы айтып өтсеңіз?

— Облыс әкімдігі осы мәселелер жөніндегі өңірлік комиссияның құрамын, комиссия туралы ережені бекітті. Бүгінде комиссия құрамында мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері — 7 адам, ғалымдар, тарихшылар мен өлкенушылар — 9 адам, азаматтық қоғам мен қоғам өкілдері — 10 адам. Комиссия құрамында өлкетанушы Алқажан Еділхан, осы салада біраз жыл қызмет атқарып жүрген Нұрлан Құлбай, арабшадан аударатын Нияз Тобыш дейтін азаматтар бар. Қазір 604 әскери тұтқындардың тізіміне және 478 қуғын-сүргінге ұшырағандардың тізіміне қатысты мәліметтерді зерделеу жұмыстары жүргізіліп, әскери тұтқындардың тізімі жасақталды. Жергілікті тұрғындардың саяси қуғын-сүргін құрбаны болған ата-бабалары туралы мәліметтерін жинақтау мақсатында арнайы жұмыстар атқарылып, ақпараттарды жинақтау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

— Жақында өткен ауыл әкімдерін сайлау облыста қай деңгейде өтті?

— Облыста сайлау жоғары деңгейде өтті деуге толық негіз бар. Облыста он әкім сайланды. Бейнеу мен Маңғыстау аудандарында төрт, Түпқараған мен Қаракия аудандарында бір-бірден әкім сайланды. Жалпы, халықтың сайлауға деген ынтасы, қызығушылығы жоғары болды. Ауыл халқының сексен пайыздан астамы сайлауға қатысты. Бұл — өте жоғары көрсеткіш. Тікелей халықпен сайланған әкім жүйелі түрде жақсы жұмыс істейді деп есептеймін. Ауылдарда белсенді азаматтардан құралған қауымдастықтар бар. Әкімдер осы қауымдастықпен ақылдаса отырып, жұмыс жүргізетін болса, Мемлекет басшысы қабылдаған мемлекеттік реформа жақсы нәтижесін береді деп ойлаймын.

— Сұхбаттыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан  
Мәдина ЖӘЛІЛҚЫЗЫ,  
Маңғыстау облысы

# Менталды денсаулық та маңызды



**Жақында спорттық гимнастикадан Токио Олимпиадасында сынға түскен Симона Байлздың әрекетіне бәрі таңғалды. Өйткені сарапшылар биыл оны 6 алтын медаль алады деп болжаған. Ал ол болса, менталды денсаулығына алаңдап, жарысты жалғастырудан бас тартты. Сөйтсе, Байлз бала кезінен психикалық көңіл күйімен күресетін болып шықты. Әрбір сайыс алдында сенімді болу үшін дәрі қабылдап жүрген. Сонда менталды денсаулық анау айтқандай маңызды ма? Елімізде адамдар бұған қаншалықты мән береді?**

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

## МЕНТАЛДЫ ДЕНСАУЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ...

Біз әңгімеге арқау еткен Байлз Олимпиадаға өзіне қажетті препаратты алып келе алмаған. Себебі Жапонияда бұған тыйым салынған екен. Содан алғашқы айналымда өнер көрсеткеннен кейін

жаттығуына көңілі толмаған ол бәрінен бас тартты. «Не болып қалды?» деген сұраққа қарамағындағылар «менталды денсаулығына алаңдағандықтан» деп жауап қатқан. Спортшы бұдан да ары депрессияға түсудің алдын алып, жан тыныштығын қалаған деп топшыласақ болады.

Жалпы, «аурудың бәрі жүйке жүйесінен» деп жатады. Кейінгі он жыл ішінде алыс-жақын шетелдерде психологиялық денсаулық ұғымы жиі айтылып жүр. Ал елімізде пандемия басталғалы бері адамдар ішкі көңіл күйіне мән беріп, рухани дүниесін емдеуді қолға алды. Неліктен осының ішінде менталды денсаулықты қарастырып отырмыз? Өйткені денсаулықтың бұл түрі адамның әлеуетін іске асыра алуын, күйзеліске төтеп беруін қарастырады. Сондықтан да ДСҰ психологиялық денсаулықты рухани және менталды денсаулық деп екіге бөледі.

Иә, біз осыған қатысты мысалды күнделікті өмірде жиі кездестіреміз. Менталды денсаулықтың бұзылуы әлеуметтік өзгерістен, жұмыстағы күйзеліс, әлеуметтік шеттетілу, жыныстық дискриминация, зорлық-зомбылық пен

адам құқығының бұзылуынан туады. Айналаңызға қарап «қазір бейімдеу орталықтары неге көбейіп кетті?» деп ойланып көріңіз. Дамыту орталықтары, бос уақытын тиімді пайдалану курстарынан аяқ алып жүре алмайсыз. Не үшін? Себебі адамдар ішкі ресурсын қайда жұмсауды, өзін тануды, жол табуды білмей жатады. Мәселен, бұрын адамдар үшін бәрін мемлекет шешіп қоятын. 10-11 сыныпты аяқтаса, оқуға түсетін, оны бітірсе жұмыс істеуге ауыл-ауданға жіберетін. Ары қарай сол жерде өсіп-өнетін. Ал қазір тіршілік мүлдем басқаша. Университет бітірсеңіз де, ортаға адаптация жасау қиын. Мектеп оқушылары үшін де солай. Сондықтан психолог пен психотерапевтің көмегіне жүгінген маңызды.

Мысалы, психотерапевт Арай Сайлауқызының айтуынша, жағдайды бақылап, түсініп үйрену керек. Биыл менталды денсаулыққа арналған конференцияда,

*Жасөспірімдер де, жастар да өзін сан қырынан сынап көретін жоба жасау. Үйде отыратын әйелдердің де екінші тынысын ашып, қоғамға басқа көзбен қарауға мүмкіндік беру. Қарттарға келсек, әлеуметтік қолдау орталықтарын көбейтіп, бос уақытын сонда өткізуін қадағалау. Мектепте, жұмыста, қоғамның кез келген секторында адамдарға психологиялық көмек көрсету.*

тіпті КВИ-мен ауырмаған адамдардың арасында депрессия, ұйқысыздық, алаңдау көбейгені айтылған. Ал түрлі нәрсені ойлау, бас қатыру психологиялық денсаулыққа кері әсер етеді. Психотерапевт мұны ортамен бірге емес, жеке лей дамуды мақсат еткен ғасырдың жемісі деп отыр.

«Ата-анасы қызының экономика саласында білім алуын қалады делік. Ал қыздың дизайнер атанғысы келеді. Сол үшін өзі қаламаған салада білім алу оған қиынға соғады. Осы сәтте ішкі қарама-қайшылық туып, ұзақ уақытқа жалғасатын стресске алып келеді. Стрестің

соңы қайғылы аяқталуы да мүмкін. Кейбірі мұнымен күресе алады. Екіншілері жағымсыз эмоциямен өмір сүруін жалғастырып, өзін қинаған үстіне қинай түседі. Әрине, оған психолог пен психотерапевтің көмегіне жүгін дейтін жақынының болғаны игі. Олай болмаса невроздың бұл түрі асқынып кетуі ғажап емес», — дейді ол.

## ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде әйелдер арасында нейропсихиатриялық бұзылулар жиі кездеседі. Бірақ суицид жасау жағына келсек, ерлер арасында мұндай қадамға баратындар көп. Біразы өмірде өз орнын таппағандан, отбасындағы қиындық, қаржы мәселесі, жұмыссыздық дерті мазалағандықтан күйзелістің артына қайғы жамайды. Сондықтан мамандар қазір интеллектуалды интеллектпен қатар эмоционалды интеллекттің маңызды екенін айтады.

Мысалы, IQ-і жоғары адам бәрімен бірдей араласып, ортаға сіңісіп кетеді деп кім айтты? Жұмыста табысты, ортада сыйлы болу үшін психолог болған абзал. Ал эмоционалды интеллекті жоғары адам кіммен қалай қарым-қатынас жасауға, үйренген білімін кәдеге жаратуға, стратегиялық жоспар құруға бейім екен. Сонда EQ қабілеті жоғары адамдар депрессиядан іргесін аулақ салуға, кез келген іске екінші жағынан қарауға талпынады. Бұл болса психологиялық денсаулық үшін таптырмайтын көмек.

Ал менталды денсаулықты күшейту үшін не істеу керек? Психикалық ден-

## Air Astana жолаушылардың ұшар алдында ерікті өлшеуін ұйымдастырады



**Air Astana 2021 жылдың 9-31 тамызы аралығында Алматы мен Нұр-Сұлтан әуежайларынан ішкі және халықаралық рейстермен ұшатын 18 жастан асқан әуе компаниясының жолаушыларына ерікті салмақ өлшеу ұсынылатынын хабарлайды.**

Жолаушыларды ұшу алдындағы өлшеу әуе кемесінің теңгерімін орнату үшін статистикалық мәліметтерді жинау мақсатында Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл рәсімді қауымдастыққа мүше әуекомпаниялар әр бес жыл сайын жүргізеді.

Бақылау өлшеуі жолаушының жынысына қарай бөлінген арнайы белгіленген жерде ұшуға тіркелгеннен кейін жүзеге асады. Рәсім құпия ақпаратты жинауды қарастырмайды. Өлшеу рәсімінен өткен жолаушылар ұтылыссыз лотереяға қатысады.

Air Astana әуекомпаниясының билеттерінің бағасына салмақ өлшеу рәсімі әсер етпейтініне және тек ұшу қауіпсіздігін жақсарту мақсатында ғана жүзеге асырылатынына назар аударады.

# Мәдениет пен спорттың еншісі бөліне ме?

**Әуірімдеп жүріп Токио Олимпиадасын да өткердік. Қазақстан құрамасының нәтижесі жанкүйер қауымның көңілін көншітпегені айдан анық. Сегіз қоланы серік етіп, спортшылар елге оралды. Дегенмен бір мәселенің тиегі ағытылғалы тұр. «Көрсеткіш неге нашар болды?» деп спорт саласындағы басшылардың бір бас қосары анық. Ал бұл тұста қоғам да үнсіз қалған жоқ. Көпшілік қазіргі Мәдениет және спорт министрлігін екіге бөлуді ұсынып жатыр. Дегенмен бұл бастама келешекте спорттың дамып кетуіне кепіл бола ала ма?**

Мадияр ТӨЛЕУ

## СЫННАН АРАШАЛАУҒА СЕБЕП ЖОҚ

Төртжылдықтың дүбірлі додасы саналатын биылғы Олимпиадаға еліміз 27 спорт түрінен 96 лицензия ұтып алған еді. Жұрт жолын тосып, жүзде алар деп сенген осы жүзге жуық спортшының кемі екі-үшеуі алтын алады деп сенгені жасырын емес. Бірақ алтын түгүлі, күміске зар болдық. Сегіз қоламен 83-орынға бір-ақ сырғыдық. Тәуелсіз ел болғалы алтын мен күміссіз қайтқан алғашқы Олимпиада болды. Көп себеп пен сылтауды тізе беруге болады. Кей спортшының бабы келіспеді, енді бірінде мінез, тағы бірінде сәттілік жетіспеді. Төреші жығып берген сәттер де болғандай. Алайда бұл Қазақстан спортын сыннан арашалауға дәйек болмасы белгілі. Спортшылар халық салығынан түскен қаржыға дайындық өткізіп, оқу-жаттығуға аттанып отырды. Сондықтан түрлі пікірдің айтылар жөні бар. Соның бірі әрі бастысы болып тұрған — Мәдениет және спорт министрлігін екіге бөлу жайы. Бір қарағанда, екі саланың үш қайнаса да сорпасы қосылмайтындей көрінеді. Дегенмен бұл бүгін ғана шыққан әңгіме емес. Осы кезгенге дейін қос саланың жұмысын тиімді жүргізу үшін министрліктерді екіге бөлу керектігі талай айтылған болатын.

Әзірге «аталған министрлік екіге бөлінеді» деген қауесет шығып жатқан жоқ. Дегенмен «Мәдениет және спорт министрі ауысады» деген хабарды бейресми ақпарат көздерінен жиі көріп жүрміз. Айтуларынаша, жаңа министр болуы мүмкін тұлғалардың есімдері де анықталған. Мәдениет пен спорт саласы біріктірілген ведомствоға басшы болып, елге белгілі спортшылар отыруы мүмкін екен. Бірақ «спортшы министр болса, мәдениет саласы ақап қалмай ма?» деп қарсы аргумент айтушылар бар. Осыған қарап, расымен министрлікті екіге бөлудің қажеттілігі бар секілді деп ойладық.

## БҰРЫН ДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕ

Қазақ спортындағы жабық саясат спорт саласындағы сыбайлас жемқорлықты өршітіп, кәсіпқой спорт клубтары шенділердің қалтасын толтыратын қамбаға айналып бара жатқандай көрінеді. Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәселені көтерген болатын. Кәсіпқой спорт клубтарын бюджет есебінен қар-



жыландыруды тоқтату керегін басып айтты. Үкіметке де тапсырма жүктелді. Елімізде көп жағдайда спорт федерацияларын кәсіби мамандар емес, әкім-қаралар басқарады. Кей спорт түрлері кейбір басшының жеке меншігіне айналып кеткендей. Қысқасы, қаржысы мол қазақ спортына үлкен реформа керек деген түйін шығады. Токио Олимпиадасынан кейін спорт федерациялары мен Ұлттық олимпиада комитеті және ен бастысы Мәдениет және спорт министрлігі халық пен ел басшылығының назарына жағымсыз нәтижесімен ілігетіні айқын.

Былтыр маусымда «Мәдениет және спорт министрлігін екіге бөлу қажет пе?» деген сауалға министр Ақтоты Райымқұлованың өзі жауап берген еді. Сол кезде ведомство басшысы «бізде мәдениеттің де, спорттың да бар екенін мақтан тұтамын. Бұл Әнұранымызды ойнатып, туымыз көкке көтеретін салалар саналады. Бүгінде мәдениет қайраткерлері де, спорт қайраткерлері де Қазақстанның бай мәдениетінің тамаша үлгілерін, спортшыларымыздың айрықша жетістіктерін таныту үшін еңбек етіп жүр. Сондықтан қазіргі уақытта бұл екі саланың бір өкілетті орган құрамында болғаны орынды» деп оңай сытылған болатын.

Ал дәл соның алдында Мәжіліс депутаты болған Омархан Өксікбаев бұл мәселені Парламент қабырғасында да көтерді. «Сүйегінен миына дейін мәдениет саласында жүрген адамға осы спорттың бәрін егжейі-тегжейлі біл деуіміз дұрыс емес шығар. Алайда ыңғайына осы жүкті алғаннан кейін Ақтоты Рахметолқызы музыка үнінен, стадионның үнін құлағыңызға құйғаныңыз жөн болар. Үкімет спорт пен туризмді мәдениеттен бөліп, басқа ведомство жасағаны дұрыс болады. Өйткені бұл сала өзін-өзі ақтайды. Спорт — Қазақстанның абыройын асқақтататын, туын желбірететін мүмкіндік» деген еді ол. Ол кезде Қазақстан спортының хәлі осындай төмен деңгейде екенін ешкім ойламағаны анық. Әйтсе де, депутат алдын ала бір нәрсені сезгендей кейіп танытқан екен. Қош, енді мәселені шындап күн тәртібіне шығарар уақыт келген сияқты.

## «ЖАН-ЖАҚТЫ САРАЛАУ КЕРЕК»

Біз айтып отырған Мәдениет және спорт министрлігіне қарайтын Спорт және дене шынықтыру

саулық күйін түзеу үшін физикалық денсаулықты ғана емдеу аздық етеді. Мәселен, тұмауды емдеу үшін әртүрлі дәрі ішетіндей, менталды денсаулықты түзеу үшін де кешенді жоспар қажет. Мамандар, мемлекеттің психикалық денсаулыққа көбірек көңіл бөлгенін қалайды. Жұмысқа орналастыру, баспана мәселесі, әлеуметтік қамсыздандыру, білім саласына ден қойған жөн. Бала туылғаннан бастап оған демеу болып, дамитын орта қалыптастыру. Жасөспірімдер де, жастар да өзін сан қырынан сынап көретін жоба жасау. Үйде отыратын әйелдердің де екінші тынысын ашып, қоғамға басқа көзбен қарауға мүмкіндік беру. Қарттарға келсек, әлеуметтік қолдау орталықтарын көбейтіп, бос уақытын сонда өткізуін қадағалау. Мектепте, жұмыста, қоғамның кез келген секторында адамдарға психологиялық көмек көрсету. Соның ішінде әлеуметтік аз қамтылған отбасын, мүгедектерді, мигранттарды қоғамға бейімдеу. Бұл — біздің емес, ДСҰ-ның менталды денсаулықты күшейту туралы баяндамасындағы басым бағыттар. Қазір әлем елдері аталған мәселелерді шешуге күш салып жатыр. Өйткені осы түйінді шешкенде ғана суицидтің алдын алып, қоғамға бейімделе алмаған адамдарды азайтуға болады.

Соның ішінде еліміз жасөспірімдерге қолдау білдіру санатына баса назар аударуы керек. Себебі мектептегі психологтар 45 минуттық сынып сағатынан аса алмайтыны шындық. «Баланың неге көңіл күйі жоқ?», «Ол неге сабақта қалғып-мүлгіп отырады?», «Ол неге тұйық әрі көңілсіз?» дейтін сұрақтарға бас ауыртпайтыны тағы бар. Осы орайда шетелдегідей психолог пен медбике бірге жұмыс істеуі керек. Мүмкін сабақта қалғып отыратын балаға Д витамині жетіспейтін болар. Тұйық әрі үнемі көңілсіз жүретін оқушының отбасылық мәселенен әбден басы қатып, кімге айтарын білмей жүрген шығар. Сондықтан да мамандар мектеп пен мектеп басшылығының жасөспірімдердің менталды денсаулығына көбірек көңіл бөлгенін қалайды. Өйткені олардың ары қарай үлкен өмірге бейімделуі көбінесе үй мен мектептегі жағдайға байланысты екен.

істері комитеті бар. Төрағасы қызметін белгілі спортшы Серік Сәпиев атқарады. Министрлікті екіге бөлу жайлы әңгіме қозғағанда, төраға алдымен барлығын жан-жақты сараптап алу қажетін айтады.

— Бұл — күрделі сауал. Министрлікті екіге бөлу мәселесі егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Егер мәдениет пен спортты бөледі қажет деп санаса, онда алдымен қаржылық, функционалдық басқару жағын қарастыру қажет. Қазір барлық мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметкерлерді қысқарту жүріп жатыр. Сондықтан бөлмей тұрып, алдымен барлығын реттеп алу керек, — дейді Сәпиев.

Сондай-ақ комитет төрағасы бұған дейін спорттың министрлік ретінде және агенттік ретінде де жеке жұмыс істегенін еске салып отыр. Бірақ мемлекет басшылығы мәдениет пен спортты қосуға шешім қабылдаған. Сол себепті бәрібір «мәселені алдын ала зерттеу керек» деп санайды.

## ДЕПУТАТ НЕ ДЕЙДІ?

Қоғам өкілдері тарапынан көтеріліп отырған мәселеге қатысты көзқарасын білмекке Мәжіліс депутаты Айдоос Сарымға сауал жолдаған едік. Саясаттанушы аталған министрлікті екіге бөлу жайлы ұсыныстың жаны бар екенін айтты.

— Жалпы, мен Мәдениет және спорт министрлігін екіге бөлу ұсынысын қолдар едім. Шынында да, бұл салалар бөлек ведомствода болуы қажет. Спорт министрлігі өз алдына бағыт алып, федерациялармен қоян-қолтық жұмыс істеуі тиіс тәрізді. Сондай-ақ өңірлерден, ауыл-аймақтардан таланттарды алып шығатын спорт агенттері көптеп шыққаны абзал еді. Ал мәдениет саласын неге бөлек қарастыру керек? Себебі бұл саланың жұмысы аз уақытта көрінбейді. Көптеген жылды қажет етпек. Театр мен мәдени ошақтар арқылы қоғамдық мәдениет қалыптастыру лезде бола салатын дүние емес. Қорыта айтқанда, Мәдениет және спорт министрлігін екіге бөлуді ақылға қонымды іс десе болатындай, — дейді ол.

Түйіндер болсақ, билік Олимпиададағы сәтсіздікті ескеріп, министрлікті екіге бөліп, спортты бір бөлек ведомство ретінде қарастырады деп айту қиын. Себебі қыуар қаржыны талап етуі мүмкін. Бір анығы, спорт реформасыз қалмауы тиіс. Әйтпесе, Токиодағы доданы бір жолғы сәтсіздікке балап, алдағы Олимпиадада жаксы нәтиже көрсететінімізге сену мүмкін емес.

# ТҮРКИЯДАҒЫ ӨРТ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТІКҰШАҚТАР АТТАНДЫ

(Басы 1-бетте)

## Ардақ СҰЛТАН

### ҚҰТҚАРУШЫЛАР АЛҒАШ РЕТ ТҮРКИЯҒА БАРҒАН ЕДІ

Енді қазақстандық құтқарушылар мен өрт сөндіруші мамандардың шетелдерге көмекке қанша рет барғанына тоқталар болсақ, біздің мамандардың осы жолғы сапары ел тарихындағы екінші оқиға ғана. Алғашқысы 1999 жылы ұйымдастырылған еді. Сол кезде де құтқарушылар Түркияға аттанған. Гөлжүк зілзаласы деген атпен тарихта қалған жер сілкінісінен 17 мыңнан астам адам қаза тапқан болатын. Сол кезде қазақстандық құтқарушылар 1 баланы үйінділер астынан тірі шығарып, 57 адамның мәйітін тапқан еді. Төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің ресми өкілі Талғат Уәли сол жылы құтқарушылардың Түркияда екі аптадан астам уақыт жұмыс істегенін айтқан еді. Қазақстан 1999 жылы 20 маман жіберіпті. Ал араға 22 жыл салып, қазақстандық құтқарушылар екінші рет шетелге көмекке аттанды. Бұл жолғы бағыт та Түркия. 16 адам 2 тікұшақпен кетті. Оларды өткен сенбіде Төтенше жағдайлар министрлігінің бірінші вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев шығарып салды. Министрлік мамандарының дерегіне қарағанда, екі тікұшақтың біреуі Алматыдан, екіншісі Нұр-Сұлтан қаласынан ұшып шыққан. ТЖМ ресми өкілі Талғат Уәлидің хабарлауына қарағанда, құтқарушылар Президент К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша аттаныпты. «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Төтенше жағдай-

лар министрлігі сауағар құрылғылары бар «Қазавиақұтқару» АҚ-ның Ми-8 АМТ екі тікұшағын және құрамында 16 құтқарушы бар жедел жөне орман өртін сөндіруге көмек көрсету үшін Түркия Республикасына жіберді», — деді Т.Уәли.

Тікұшақтар үш мемлекетте аялдап, Түркияның Мұғла қаласына жетеді екен. Құтқарушылардың жұмысын Түркиядағы елшілік үйлестіретін көрінеді. Сөйтіп, қазақстандық мамандар Анадолыдағы орман өртін сөндіруге кіріспек.

**КЕШ АТТАНДЫРҒАН ЖОҚПЫЗ БА?**  
Сөздің ашығын айтар болсақ, Қазақстанның Түркияға құтқарушылар аттандыруына қатысты түрлі сауал көп. Ең бастысы, «кеш аттандырылған жоқпыз ба?» дегенге саяды. Өйткені Түркиядағы өрт 28 шілдеде басталған, ал қазақстандық құтқарушылар 7 тамызда аттанды. Әрине, Президент К.Тоқаев өрт басталғаннан кейінгі бірнеше күннің ішінде Түркия тарапына қол ұшын беруге әзір екенін білдірген. Бірақ біз нақты іс-әрекет жасамадық. Дегенмен құтқарушы жіберудің өзіндік талаптары мен ережелері бар екенін ұмытпаған абзал. Ең алдымен зардап шегуші тарап өтініш беруі керек. Егер ондай өтініш келіп түскен жағдайда халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі үкіметтік комиссия қарап, шешім қабылдауы тиіс. Демек, ТЖМ-ның өз бетінше әрекет етуге құқы жоқ. Бірақ «Қазавиақұтқару» мекемесіне тікұшақтар мен құралдарды жалға алу туралы өтініш түссе, олардың әрекеті коммерциялық негізде жүзеге асуы мүмкін. Әрі гуманитарлық көмек болып саналмайды. Бәлкім, содан да шығар, Түркия масс ме-

диасында түркиялық қоғамдық ұйымдардың бірі Қазақстаннан тікұшақ жалдап алғаны жайлы мәлімет тарады. Бірақ мәліметтің анық-қанығы белгілі емес. Түріктер тікұшақты Қазақстанда тіркелген кез келген әуекомпанияның бірінен жалдап алған болуы мүмкін. Ал соңғы 2 тікұшақтың оған қатысы жоқ.

Айтпақшы, Түркиядағы өртті сөндіруге ресми түрде техникалық көмек көрсеткен елдермен қатар ұшақтар мен тікұшақтарды жалдаған мемлекеттер де бар. Айталық, Ресейдің ТЖМ жіберген ұшақтарынан бөлек жалға берілген техникасы да қызмет етіп жатыр. Түріктер Испания мен Израильден де тікұшақ жалдапты. Демек, қиын-қыстау кезде техника жалдап алу қалыпты үрдіс деген сөз. Ал нақты көмектің көлеміне келер болсақ, 600-ден астам өрт сөндіруші жіберген Әзербайжан көш басында тұр. Олар өрт сөндіру техникасын да молынан аттандырды. Әрине, мұндай шараның тікелей апат зардабын жоюға септігін тигізуімен қатар, имидждік астары да бар екенін ұмытпау керек. Бұл ретте ресми Бакудің ұпайы түгел. Қазақстан болса апаттар кезінде имидж мәселесін ойлауды кейінге қалдырғанға ұқсайды. Бәлкім, дұрыс та шығар.

Ал «кеш қалған жоқпыз ба?» дегенге келсек, «ештен кеш жақсы» деген бар. Әрі орман өрті бірден сөне қалмайды. Аяқастынан қайта бүрк ете түсуі мүмкін. Он шақты күн ішінде Түркияның 47 елді мекенінде 241 орман өрті тіркеліпті. Оның 235-ін бақылауға алудың сәті түскен. Мұндағы «бақылауға алу» дейтін сөздің «сөндірілді» деген ұғыммен синоним емес екенін ұмытпаған дұрыс. «Бақылауға алу» деп әдетте өрттің жайылуын тежеп, өрт шығу ықтимал-



Өртті бақылау (aiqyn.kz)

лығын мейлінше азайтуды айтады. Демек, ол жерлерде әлі де біраз жұмыс бар. Түгел тексерілуі тиіс. Ал біздің тікұшақтар баратын Мұғланың 6 елді мекеніндегі өрт әлі күш бермей тұр. Сондықтан көмек қай уақытта жетсе де кеш емес. Әрі өрттен кейін орманды қалпына келтіруге қатысты тәжірибемен бөлісу, ағаш көшеттерін ұсыну тәрізді әдістермен де қолғабыс жасауға болады. Демек, білікті біржақты жазғырудың қажеті жоқ.

Айтпақшы, Түркиядағы өртті сөндіруге 15 ұшақ, 64 тікұшақ, 9 пилотсыз ұшатын құрылғы, 1 пилотсыз тікұшақ, 850 өрт сөндіру көлігі, 150 жүк көлігі, 5 мың 250 адам қатысыпты. Бұл деректерге қазақстандық 16 құтқарушы мен 2 тікұшақ қосылмаған.

**15 ЖЫЛДА 110 МИЛЛИОН ДОЛЛАРЛЫҚ КӨМЕК БЕРГЕНБІЗ**  
Қазақстан 2005 жылдан 2020 жылдың қыркүйегіне дейін әлемдегі 30 мемлекетке 110 миллион долларлық гуманитарлық көмек көрсетіпті. Өрт, топан су, зілзала тәрізді табиғи апаттан зардап шеккендерге, екі жылға жалғасқан пандемияның салдарын жоюға көмек дейсіз бе, әйтеуір гумани-

тарлық миссияның түрі көп. Әдетте Қазақстан көбіне азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешек, шатырлар, жанар-жағармай, құрылыс материалдарын гуманитарлық көмек ретінде аттандыратыны бар. Азды-көпті ақша берген сәттеріміз де болыпты. Айталық, біз сөз етіп отырған Түркияның Ван провинциясында 2011 жылы болған жер сілкінісінен соң Қазақстан 5 мың тонна ет консервісін, 12 тонна қарақұмық, 20 дана он кісілік жылы шатыр, 20 пеш, 200 көрпе, 1 тонна шай, 15 тонна макарон өнімін гуманитарлық көмек ретінде жіберген. Қысқаша күндерде мұның өзі үлкен жәрдем болары сөзсіз. Тіпті, ең маңызды көмек те осындай керек-жарак жөнелту болуы ықтимал. Өйткені апаттардан соң бұқараның паналайтын баспанасы, ішер асы болмай қалуы мүмкін. Сондай сәтте керек-жаракпен қамтамасыз еткен абзал. Тікелей апат салдарын жою, өрт сөндірумен айналысу мамандардың тәжірибе жинауы үшін қажет. Ал гуманитарлық көмектің кез келген түрі дипломатиялық амалдардың бір түрі саналатыны тағы бар. «Алмасан бермесен...» дейтін мақалдағыдай амал бұл.

# Ипотека нарығына жаңа қызметтер келді

**Қаржы сарапшысы Айнұр Абсәлямованы Қазақстандағы тұрғын үй нарығының ахуалы, жылжымайтын мүлік сатылымы, мемлекеттің және екінші деңгейлі банктердің ипотекалық бағдарламаларға қатысуы, түрлі бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы әңгімеге тартқан едік.**

— Еліміздегі ипотека нарығының жалпы жағдайы, тұрғын үй бағасындағы өзгерістер және оған әсер етуші факторлар туралы әңгімелен берсеңіз...

— Тұрғын үй бағасы түрлі факторға байланысты қашанда құбылып тұратыны белгілі. Мәселен, 2020 жылдың қорытындысы бойынша елімізде орташа алғанда баспананың бастапқы нарықтағы бағасы 5%, қайталма нарықтағы бағасы 14%-ға артты. Ал 2021 жылы қаңтар айында жаңа үйлердің бағасы —3,8%, қайталма нарықтағы үйдің бағасы 7,2%-ға бір-ақ көтерілді. Маусым айында жаңа үй — 0,9%, қайталма нарықтағы үй 1,2%-ға қымбаттады.

Жаңа жылдан бастап баспана бағасының аяқ астынан қымбаттауына ипотека нарығына зейнетақы ақшасының құйылуы ықпал етті. Соның әсерінен ипотекалық серпінді бұрынғыдан бетер үлді. Өткен бес айда республика бойынша жалпы сомасы 216 млрд теңгенің ипотекалық кредиттері берілді. Бұл цифрға халықтың баспана сатып алу үшін зейнетақы қорынан алған қаржысын және қосынды. Бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗК) баспасөз қызметінің дерегінеше, бүгінге дейін 350 269 адам тұрғын жағдайын жақсарту үшін зейнетақы қорынан өкілетті операторлардың есепшотына 1,6 трлн теңге аударған.

Біз жылжымайтын мүлік нарығын ұдайы мониторингтеп отырамыз. Сонда бытыр осы елордада клиенттеріміздің біз арқылы 15-16 миллион теңгеге алған үйлері қазір 21-22 миллион тұрады. Үй қымбаттап жатыр, оның құны қашанда көтеріле береді. Бірақ соған қарамастан жылжымайтын мүлікке деген сұраныс ешқашан бәсеңдемейді.

**— Мемлекеттің бағдарламаларымен бірге басқа әр банктің де өздерінің ипотекалары бар. Жалпы, республика бойынша ипотекалық портфельдің көлемі қандай, жұрт қандай бағдарламаға көп иек арталы?**

— Кейінгі бес жылда банктердің жалпы ипотекалық портфелі 2,8 есе өсті. Ол 2015 жылдың қаңтарындағы 900 млрд теңгеден 2021 жылдың мамырында 2,5 трлн теңгеге дейін жетті. Тұрғын үй нарығында көпшіліктің сұранысының артуына мемлекет тарапынан жеңілдікпен берілетін «7-20-25» және «Баспана хит» ипотекалық бағдарламалары, Отбасы банктің қолжетімді несиелеу бағдарламалары, сондай-ақ тұрғындардың өртүрлі осал тобына арналған әлеуметтік несиелеу бағдарламалары оң әсер етті. Сонымен қатар мемлекет түпкілікті несие алушы үшін кредиттің

құнын максатты түрде жылдан-жылға төмендетіп отырады. Ипотекалық кредиттің мөлшерлемесі 2015 жылғы 9,6%-дан 2021 жылы 8,3%-ға түсті.

Ипотекалық кредиттің қомақты бөлігі Отбасы банкінде (56%) шоғырланған, одан кейін осы нарықтағы ірі ойыншылар Сбербанк (16%), БЦК (13%) және Халық банк (9%). Мәселен, «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша БЦК-тің көрсеткіші үздік, ал «Баспана хит» бағдарламасымен жұмыс істейтіндердің көшбасында Сбербанк тұр. Дегенмен аталған бағдарламалардың бәрін мемлекет қаржыландырып отырғандықтан, екінші деңгейлі банктер бұл жерде қазынаның ақшасын таратушы ұйымдардың қызметін ғана атқарады.

**— Бүгінде ипотекалық баспана алғысы келетін адамдардың сұранысы қандай, оларды не толғандырады? Олардың артық-кемі, тұрғындарға қолайлысы қайсы? Сіздің ұйымның тарапынан қандай қызметтер көрсетіледі?**

— Әр банктің өз ерекшелігі бар, дегенмен де баспана алғысы келетін адам салынып жатқан үйлерге үлескер болып кіргені жақсы, онда баға жағынан көп ұталаы, ал дайын баспана іздесе бәрібір біршама артық төлеуіне тура келеді. Қалай болғанда да, адамдардың қолдағы қаржы мөлшеріне қарай өздері армандаған пәтерін тауып беруге тырысамыз.

Мәселен, сіздің көпқабатты ғимараттағы пәтер емес, жеке тұрған жер үй алғыңыз келді делік, бірақ барлық банк жекеменшік үйлерді рәсімдемейді. Ол үшін «Халықбанк» АҚ, «Сбербанк» АҚ және «Алтынбанк» ААҚ-на бару керек. Алтынбанк тек қала ішіндегі кірпіш үйлерге ипотека береді. Ал Сбербанк қала аумағынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан ауылдар — Талапкердегі, Қояндыдағы, Илинқадағы, тағы басқа үйлерге де бере береді, тек шпалдан салынған тұрғынжайға ғана ипотека рәсімдейді. Соның бәрине жөн сілтеп, кеңес береміз. Сондай-ақ тек әйелдерге арналған «Умай» деген ипотекалық бағдарлама ашылды. Ипотека 12%-бен 13 жылға (10 жыл -12% + 3 жыл — 3%) беріледі. Мұнда үміткерлердің жалақысы 320 мың теңгеден аспауы тиіс. «Отбасыбанкі» АҚ ипотеканы 8,3%-бен береді, оның да өзіне тән артықшылықтары бар.

Жалпы, мемлекеттің ипотекалық бағдарламаларының қайсысы болсын халыққа тиімді. Бірақ бұл тегін деген сөз емес, банктер бәрібір пайда тауып отыр. Оның үстіне, маусым айынан



бастап банктер «Баспана хит» бағдарламасы бойынша өтініш қабылдауды тоқтатты. Бағдарламаға бөлінген 600 млрд теңге лимит 2021 жылдың аяғына дейін игеріліп бітуі тиіс. Ал «7-20-25» бағдарламасы 2022 жылдың соңына дейін 1 трлн теңгенің лимиті игерілген соң аяқталмақ. Сөйтіп, мемлекет ипотека нарығынан алыстай бастады, бұл жекеменшік банктерге тиімді, олардың ипотекалық бағдарламаларына сұраныс көбейеді. Өйткені халыққа бәрібір үй-жай керек, көпшілік қалай болғанда да, ипотекаға жүгінуге мәжбүр болады. Ал жекеменшік банктердің ипотекалары қымбатырақ — 14-15-16%.

**— Жақында ипотека нарығына цифрлық қызмет көрсететін Freedom Finance Bank келді. Енді банктерге бармай-ақ, үйде отырып онлайн ипотека рәсімдеуге мүмкіндік туы. Осы туралы не айтасыз?**

— Жаңа цифрлы ипотека клиенттің банкке бармай және құжаттарды жинамай, кез келген жерде отырып үйге онлайн бағалау жасатуға, оны бірер минуттың ішінде рәсімдеуге мүмкіндік береді. Ол үшін тек телефон нөмірі мен ЖСН көрсетсе жеткілікті. Пәтер сатып алу процесі ең ұзағанда бір тәуліктен аспайды. Клиент онлайн өтініш жолдағаннан кейін егер мемлекеттік деректер қорындағы барлық құжаты дұрыс болса, бір тәуліктің ішінде жаңа үйдің қожайыны болып шыға келеді. Бұл үшін ХҚКО-ға да барудың қажеті жоқ.

Мұндай жағдайға процестің барлығын цифрлау арқылы қол жеткізіліп отыр. Займ беру жөніндегі шешімді банктің қызметкері емес, автоматтандырылған жүйе өзі жасайды. Сатушы мен сатып алушының барлық процесі банк қызметкерінің қатысуынсыз өтеді. Тек екі тарап нотариуста сату-сатып алу шартына қол қою үшін ғана жолығады. Бұл мәзірет те дайын тіркеу шартында жүзеге асырылып, бар-жоғы жарты сағат қана уақытыңызды алады.

Сұхбаттасқан  
Дәулет АСАУ

# Болашақ офицерлер қайда оқып жүр?

**Бұрын әскери білім алушылар шекара асып, көрші Ресейге сандалатын. Сондықтан қазақ әскерлері көршіміздің әскери оқу-біліміне тәуелді болып келді. Бүгінде болашақ әскери қызметшілерді даярлайтын өзімізде де бірнеше оқу орны бар. Оның үстіне, қорғаныс саласына жауап беретін шенділер оқу орындары заманауи талаптарға жауап береді деп жиі айтады. Бірақ мектеп қабырғасынан бастап әскери өмірге бейімделген бүгінгі офицерлердің барлығы генерал болуға ниетті ме? Ал әскери қызметшілерге қыруар қаржы жұмсап, біліктілікті арттыру қорғанысымызды күшейтуге септігін тигізе ала ма?**

## Жадыра МҮСІЛІМ

### ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ КУРСАНТТАР ОҚЫТЫЛДЫ

Бұрын әскери білім алушылар шекара асып, шетелге сандалатын. Қазір әскери және азаматтық оқу орындарында даярлайтын мамандықтар бойынша ғана шетелге жіберіледі. Яғни, киберқауіпсіздік, гидрография, ауе шабуылына қарсы күрес секілді өзімізде жоқ мамандықтарды әскерлер Ресей, Армения, Беларусь, Түркия, АҚШ, Үндістан, Пәкістан, Корея, ҚХР, Ұлыбритания, Франция, Италия елдерінде оқып, білімін тереңдете алады. Тәуелсіздік алғалы елімізде әскери білім беру жүйесін дамытуға барынша көңіл бөлініп келеді. Бүгінде «Жас ұлан» республикалық мектебі мен Ш.Уәлиханов атындағы қалат корпусынан бөлек, қорғаныс саласына қажетті әскери мамандарды оқытатын үш негізгі әскери институт, сонымен бірге офицерлердің біліктілігін арттыруға арналған Тұңғыш Президент — Елбасы атындағы ҰҚУ бар. Бұдан басқа, жыл сайын әскери қызметшілер Ресейдің оқу орындарында тәжірибесін шынайды.

Қарулы Күштердің қалыптасу кезеңінде Алматыдағы жалпы әскери жоғары командалық училищесі 4 мамандық бойынша офицерлер даярлана бастады. Қысқа мерзімде қажетті оқу-материалдық база қалыптастырылып, 11 әскери мамандық бойынша курсанттарды оқыту жүзеге асырылды. Ал Ақтөбедегі Азаматтық авиация институтының базасында тәуелсіз Қазақстанның әскери ұшқыштарын дайындау қолға алынды. Бірер жылдан кейін елімізде жоғары білікті әскери мамандар даярлайтын оқу орындары қалыптасты. Бүгінде Құрлық әскерлерінің Әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институты, Т.Я.Бегельдинов атындағы ӘҚК Әскери институтында жоғары білімді кадрлар даярланады.

Алғашқы жылдары әскери бөлімшелердегі жетіспейтін кіші офицерлер құрамын 3 айдан 9 ай мерзімге дейін оқытатын кіші лейтенанттар даярлайтын курсардың түлектерін толтыруға тура келген. Ол уақытта қысқамерзімді курстарға әскер қатарында тәжірибе жинаған прапорщиктер мен сержанттарды арнайы жолдамамен жіберіп отырды. Уақыт тығыздығынан туындаған бұл қадам тиісті нәтиже берді де. Сол жылдары әскери оқу орындарында

білім алғандар қазақ әскерінің қалыптасуына еңбек сіңіріп, қиын-қыстау кезінде де ұлттың келешегіне жұмыс істей білді. Еңбектері ақталып, иықтағы погондары да өсті. Ал өз қолымыз өз аузымызға жеткенде әскери қызметкерлердің анттарына адал бола алмауына не келергі?

### КОМИССИЯ ШЕШІМІНЕ КӨНІЛІ ТОЛМАЙТЫНДАР БАР

Тұңғыш Президент — Елбасы атындағы ҰҚУ 1997 жылы «Алматы» жоғары әскери училище базасында құрылған. Университет ашылғалы бері 2 000-нан астам әскери қызметші білім алды, оның ішінде Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымының 105 әскери қызметшісі бар. Қазір оқу орнында әскери кадрлар даярлау бойынша 10 факультет және 27 кафедра жұмыс істейді. Университет бастығының бірінші орынбасары Амангелді Тоғысовтың айтуынша, оқуға жоғары білімі бар әскери қызметшілер, атап айтқанда батальон командирлерінің орынбасары, оларға тең және одан жоғары лауазымдарда қызмет өткергеніне 2 жылдан кем емес офицерлер қабылданады. Сондай-ақ Қорғаныс министрлігінен ғана емес, басқа да әскери құрылымдардың қызметшілері оқуға түседі. Оқу бітірген соң олар бастылық лауазымдарға тағайындалады. «Магистратура бойынша стратегиялық, жедел-стратегиялық және жедел-тактикалық бұйындарды басқару әскери кадрлары, ал докторантурада жоғары білікті ғылыми және педагогикалық мамандар даярланады. Біздің міндет—әскери мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру. Сондай-ақ іргелі және қолданбалы әскери ғылыми зерттеулер жүргізу. Әскерилер заманға сай біліктілігін арттырып, қызмет сатысында өсу үшін оқу орны беретін мүмкіндік мол», — дейді Амангелді Тоғысов.

Әскери оқу орындарында грант деген ұғым болмайды. Себебі бұл жерде оқу тегін. Биыл университетке оқуға түсуге келген 400-ден астам үміткерге 166 орын бөлінген. Бұл бытырмен салыстырғанда 10%-ға жоғары. Үміткерлер денешынықтыру дайындығынан жас топтарына сәйкес үш жаттығу бойынша емтихан тапсырады. Майор мен полковник арасында жас ерекшелігі бар. Сол үшін майор 35 жаста болса, бел темірде 10 рет тартылу керек, ал полковник 50 жаста болса оған тек 6 рет қана тартылу жеткілікті.

Университет басшылығы, комиссия мүшелері де емтихан әділ өтетінін айтады. Десе де, комиссия шешіміне көңілі толмайтындар бар. «Быыл 3 адам апелляциялық комиссияға өтініш берді. Орташа алғанда оқуға түсушілердің 1 пайызы ғана шағымданады», — дейді Амангелді Тоғысов.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҚ**  
Әкс-депутат әрі генерал-лейтенант Абай Тасболатов қызмет етудің қиындығын сылтаурататын сарбаздардың әрекетін сыңға алды. Бір жағынан әскерилердің қызметте тұрақтап қалмауына турмыстың қамы әсер ететіні де тілге тиек еткен ол: «Көбісі орталыққа келгісі келеді. Қазір қандай қызмет болмасын, неғұрлым ақшасы көп жерге қашады. Командирлермен көп кездесемін, сол кезде дені ҰҚК, шекара қызметіне барғысы келетіндерін жасырмайды. Бірақ жасыны іздеп жүріп, жұмыссыз қалғанда қорғаныс саласына қайтып келеді. Мұндай келесіздіктер біздің кезімізде де болмады емес, болды. Бірақ ол кезде себепсіз қызметтен кеткендерді жауапкершілікке тартатын. Ал қазір жауапкершілік жоқ. Бұрын келісімшарт 25 жылға берілетін, қазір әр 10 жыл сайын келісімшартқа отырады. Уақыты бітсе, кетіп қалады. Оларды қинап ұстап отыруға тағы болмайды», — дейді. Сондай-ақ Абай Бөлекбайұлы Партиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары ретінде Қарулы Күштердегі әскери оқу орындарында тамыр-таным іздеп, туысқандарды түгендеп кету туралы әңгіменің негізсіз екенін жеткізді. Егер әскери оқу орындарында қандай да бір занысздық болып жатса, бақылау комитетіне жүгінуге болатынын айтады. Айтуынша, осы күнге дейін келген арыздар бойынша қызметінен негізсіз қуылғандардың шағымы тиісті деңгейде қаралып, жұмысына қайтарылған.

### ҰЛТТЫҚ КАДР ДАЯРЛАУ КЕМШІН

Запастағы подполковник Сәндібай Күмісбеков әскери мамандардың қызметтен кетуін ұлттық кадр даярлауда кенже қалып жатқанымызбен байланыстырады. «Әскери кадрларды даярлайтын оқу орындары жетерлік. Оқып жатқандардың 99 пайызы қазақ. Бірақ оқыту барысы орыс тілінде жүреді. Қазақша оқулық жоқ. Ақша бөлініп жатыр, мүмкіндік те бар. Бар оқулықты қазақ тіліне аударуға бас ауыртып жатқандары шамалы. Отанға қызмет ету өз тіліне құрметпен қараудан басталады. Ұлттық рухты оятудың басты құралы осы», — дейді Сәндібай Сайлаубайұлы. Ал ҰҚУ-нің Бас штаб академиясында бытыр генералдарды, әскери басшыларды оқытуға бөлінген он орынға прокурорлар мен судьялар оқыған. Осылай деген Сәндібай Күмісбеков «қорғаныс саласы былыққа батса, қорғанысымыз әлсірейді» деген пікірін білдірді.

# Өз бетінше емделіп, ауырғандар көп



**Соңғы мәліметтерге қарасак, елімізде COVID жұқтырушылар саны 641 885-ке жетіпті. Қазір вирус жұқтыру шарықтау шегінде тұрған сыңайлы. Өздеріңізге белгілі, күн сайын бірнеше адам өмірмен қош айтысып жатыр. Біріміздің туысымыз, біріміздің көршіміз, енді біріміздің көзтанысымыз аты жаман аурудың тырнағына ілігіп, айықпастан ана өмірге аттанып кетуде. Халық қауіп құшағында.**

Назгүл НАЗАРБЕК

Дәл осындай жағдай өткен жылдың шілде айында болған. Мұндай сұмдықты көрмеген адамдар былтыр абдырап қалды. Медицина саласында да дайындықтың жоқтығы қатты білінді. Оттегі жетпей, қаншама адамнан көз жазып қалды. Дәрі тапшылығы сезіліп, сенделген жұрттың есебі болмады. Дәріханалардың алдындағы ұзын сонар кезектің де күәсі болдық. Одан бөлек, провизорлық орталықтарда науқастардың көптігінен адам сыймай жатты. Амал таппаған жұрт кім қандай ем түрін айтса соны істеп, ауруды асқынтып алғандар қаншама!

Биыл да жағдай мәз емес. Алматы қаласының бас санитар дәрігері тамыздың 10-12-сіне ауру жұқтырудың кезекті толқыны шарықтау шегіне жетуі ықтимал деген болатын. Айтса айтқандай, дәл қазір еліміздің барлық аумағында эпидахуал күрделі. Шымкентте бір күнде КВИ-дің 500-ден аса жағдайы тіркеліп жатыр. Кеше ғана тіркелген 565 науқастың 269-ы инфекциялық стационарға жатқызыла, 296-ы үй бақылауына алынған.

Шымкент қалалық психикалық денсаулық орталығының (бүгінде инфекциялық стационар) бас дәрігері Серік Мынбаев орталыққа негізінен ауруды асқындырғандар түсетінін айтады. Ал бастапқы ауру белгісі барлар үйінде емделіп жатыр. «Бізге өкпе қабынуының 50 пайыздан астамы мен сатурациясының мөлшерден әлдеқайда төмендері ем қабылдап жатыр. Жансақтау бөлімінде негізінен егде жастағы кісілер. Науқастардың саны артып, тестте он нәтиже көрсетушілер көбейген. Алайда он нәтиже көрсеткенімен, аурудың жеңіл түрі көбейіп тұрғаны қуантады. Емханаларда емдеу қуаттылығы жоғары. Шілде айында біздің орталық Денсаулық сақтау

басқармасы басшысының бұйрығымен 100 төсек-орындық инфекциялық стационар болып ашылды. Қазір мұнда 52 науқас ем алып жатыр. Науқастардың түсуі әр күні әрқалай. Кеше 2 адам түсті. Алайда аурудың өршуіне бірнеше себеп болып тұр. Тұрғындар «Құдай сақтасын!» деген ойды өбден миына сіңіріп алған. Осы сөзді іштей айтады да, той-томалаққа, құдалыққа барғаны былай тұрсын, бетпердесіз, эпидемиялық сақтану шараларын орындамай жүре береді. Одан кейін маңызды жағдай — ақпан айынан бері жүргізіліп жатқан вакцинациялау шараларына мән бермеу. Адамдар антиваксерлердің, кейбір блогерлердің «чип қояды», «беделу болып қаласын» деген сөздеріне сеніп, вакцина салудан бойын аулақ ұстап отыр. Дегенмен қазір ауруханаға түсіп жатқан науқастардың арасында вакцина алғандардың мөлшері 1 пайызды ғана құрап отыр. Оның үстіне олардың ауыр не болмаса қатерлі жағдайға тап болғанын көрген жокпыз. Вакцинаның бірінші мақсаты алдын алу және ауырған күнде де жеңіл өтетіні тәжірибеде дәлелденіп отыр», — дейді бас дәрігер.

Сондай-ақ Серік Ибрагимұлы жансақтау бөлімінің толып қала беруі адамдардың ем шараларды өздігінше жасауынан болғанын айтады. «Қазір барлық адам дәрігер болып кетті. Емдеу жаттамасын алады да, сонымен дәріханалар жанындағы егу бөлмелеріне барып, көк тамырға укол салдыра береді. Мәселен, ауру басталғаннан антибиотиктер мен вирусқа қарсы препараттарды тамырлан құйдырып жатады. Оған жөтелге қарсы дәрі-дәрмекті қосады. Ал қазіргі коронавирус инфекциясын емдеуде оның бәрі тыйым салынған дәрілер болып есептеледі. Бұл ғылыми түрде дәлелденген. Оның барлығы науқастың жағдайына әсер етеді. Өткен аптада өңірімізге Денсаулық сақтау министрі, оның орынбасары келіп кетті. Олардың

айтуынша, еліміз бойынша жасалып жатқан тәжірибе, бастапқыда тек қабынуға қарсы және ыстықты басатын дәріні ғана қолдану керек. Күшейгенін сезсе тез арада мобилді топты шақырту қажет. Сондықтан емхананың мобилді тобын жандандыру керегіне нұсқаулық берді. Қала басшылығы тарапынан берілген тапсырмаға сай қазір бұрынғы 103 нөмірі арқылы тұрғындар өздерінің қандай емханаға, қандай дәрігерге жүгінетіні туралы ақпарат алып, телефон арқылы кеңес алуға болатыны қолға алынды», — дейді ол.

Алайда әлі де болса процедуралық кабинеттер мен дәріханаларға барып ем алып жүргендердің көптігінен осындай асқыну жағдайына жетіп отырғанын атап өтті. Тіпті, кейде жансақтау бөліміне де тапшылық сезіліп қалады екен.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасы таратқан мәліметке сүйенсек, бүгінде Шымкент қаласындағы 27 мамандандырылған инфекциялық стационарда 3 580 орын бар. Қазір ондағы 799 төсек-орны бос тұр. Инфекциялық стационарда — 2 781 науқас, жансақтау бөлімінде 381 науқас ем қабылдауда.

Демек, вирус жұқтырған қала тұрғыны үшін ауруханада бос орындар бар. Әйткенмен де, өздігінше емделу дерегінің көп екені рас. Себебі адамдар арасында «мобилді топқа хабарласақ, ауруханаға алып кетеді», «ауруханаға барған адам тірі шықпайды» не болмаса «отбасымызбен карантинге жауып тастайды» деген үрейдің басым екені рас. Сондықтан екінші бірі аурудың алғашқы белгісі басталғаннан-ақ әркімнен естіген дәрісін қабылдап, одан әрі ушықса система құйдырып жатады. Сосын өбден асқынғанда барып дәрігерлерге жүгінеді. «Кәдімгі тұмау сияқты басталатын бұл вирус қосымша созылмалы аурулары барларға қауіпті», — дейді мамандар. Ал процедуралық кабинеттердің қауіпті екені соңғы кездері қала әкімдігінің жыйындарында да жиі айтылып жүр. Мұны қала әкімі тұрғындардың өз денсаулығын қорғауда білімі жеткіліксіз болғандықтан, дәріханалар жанындағы екпе егу бөлмелеріне көптеп жүгініп жатқанын айтады. Сөйтіп, сала мамандарына тұрғындар арасында ауруды асқындырып алмау үшін ақпараттық жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Себебі дәріхана мамандары тарапынан COVID індеті бойынша ем жүргізу протоколына сай келмейтін дәрілер тағайындау жағдайы кездескен.

Бұл тұрғыда Шымкент қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Айгүл Тұрымбетова да «дәріханадағы қызметкерлердің тағайындаған қағазына сенбеген дұрыс», — дейді. «Системамен су құйған сайын өкпенің ішіне су толады. Өкпеге су толғанда адамның жағдайы нашарлай бастайды», — дейді ол.

Тіпті, тексеру барысында бірқатар науқастың қолында дәрігердің нұсқаулығы да болмай шыққан.

Ендеше әрбір адам өздігінше ем қабылдауды тоқтатып, мамандардың кенесіне құлақ асқан абзал-ау.

Шымкент қаласы

# Шөптің бағасы күйіп тұр

(Басы 1-бетте)

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

«Мал басын көбейтуді қалағанымызбен, биылғы жаз барлық ойлаған жоспарымызды құл-талқан етті. Егіннің түсімі қазірдің өзінде аса мәз болмайтыны көзге көрініп тұр. Былтырғымен салыстырғанда 40 пайызға төмен екені анық. Жемшөпті шамамен 4 мың тоннадай жинауымыз керек. Әзірге жартысын ғана жинап үлгердік. Шөпті қазір 100 шақырымнан барып шауып тасып жүрміз. Сондықтан биылғы қыс бәрімізге де оңайға соқпайтын сияқты», — дейді Атбасар ауданындағы шаруашылық серіктестіктің басшысы Алтынбек Құрманқұлов.

**ШӨПТІҢ ҚҰНЫ 4-5 ЕСЕ ӨСКЕН...**

Өңірде шөп қорының аздығын Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Еркеш Әленов те мойындады. Оның айтуынша, облыста шөпке қажеттілік 1 миллион 260 мың тоннаны құрайды. Алайда уақыт тамыздың ортасы болса да орылған шөп 820 мың тоннаға, яғни 72 пайызға зорға жеткен. Мұның ішінде былтырғыдан қалған 85 мың тонна шөп бар екен. Ал ауыл шаруашылы-



ғы тауар өндірушілерінің қорында 110 мың тонна жемшөп сақталыпты. Қажетті пішін 245 мың тонна болса, соның небәрі 51 мың тоннасы жиналған. Ведомство басшысының орынбасары мәселені шешу үшін жүргізіліп жатқан шараларды жіпке тізді.

**АҚМОЛА БАТЫСҚА ШӨП ЖІБЕРЕ АЛМАЙДЫ**

«Биылғы қуаңшылықтың салдары, әрине көпшілікті тығырыққа тірегені анық. Дегенмен облыс деңгейінде әкім орынбасары Әбдіхалықовтың басқаруымен әрбір ауданда жедел штаб құрылды. Оның құрамына облыстық жауапты басқармалардың басшылары, аудан әкімдері мен әрбір ауылдық округ әкімдері кірген. Қазір шөптің тоннасы 20-25 мың теңгеден болып тұр. Біз қазір бағаны ұстап тұру үшін шаруашылық серіктестіктерден шөптің орамын 7-8 мың теңгеден ғана сатуды сұрап отырмыз. Ал өздері шауып алып сататын адамдарға біз қалай арзанға сат дей аламыз? Сондай-ақ барлық ірі серіктестіктер мен ауылдық округ әкімдеріне әрбір үй шөпсіз қалмауын қадағалауды қатаң тапсырдық. Орман шаруашылығынан шөп шабуға жарамды 43 мың гектар жерді шабындыққа алдық. Халықтың шөптен қамтамасыз ету үшін қолданыл-

майтын бос жерлерден шөп шабу үшін 377 меморандум жасалды. Қазір жер-жерде бағыстағы облыстарға шөп жіберіп жатқаны рас. Бірақ бізде малдың басы көп болғандықтан, өзіміздің облысты қамтудың өзі күш болып жатыр. Біз батысқа шөп жібере алмайтын болып отырмыз», — дейді басқарма басшысының орынбасары Еркеш Әленов.

Өңірде ет бағасы да қымбаттап кеткен. Орташа есеппен былтырғы желтоқсанда 1 766 теңге болған ет шілде айында 1 998 теңгеге бір-ақ шырқаған. Бірақ бұл базардағы сауда орындарынан әлдеқайда төмен. Базарда сиыр етінің құны — 3 200-3 500 теңге. Саудагерлер алып келетін делдалдардың қымбат бағада сататынын айтады. Ал делдалдарға тұсау салу өзінде мүмкін болмай тұр. Бұл қарапайым халықтың қалтасының қағылуына әкеліп соққан.

«Етті ауыл-ауылдан ет тиіп әкелетін алыпсатарлардан аламыз. Бағасын 2 800-3 000-ға дейін қояды. Оның үстіне базарда тұратын жерлерімізге жалдау ақысы да қымбаттаған. Құнын ақтау үшін етті қымбатырақ сатуға тура келіп тұр. Ал енді жемшөптің қымбаттауынан еттің одан сайын бізге де қымбат келетінін аңғарып отырмыз», — дейді Гүлмира есімді ет саудагері. Аталған мәселені тиісті органдар бірлесіп комиссия құрып, тексеріс жүр-

гізуге ниеттенген. Бірақ зансыздық анықталғанымен, тиісті ықпал ету тетігі болмағандықтан, оларға ешқандай амал жасай алмайтынын айтады.

«Ертеннен бастап Ауыл шаруашылығы, Кәсіпкерлік және Өнеркәсіп басқармасы, басқа да тиісті органдар бірлесіп базарға барып ауыл шаруашылығы тауарларының құнын салыстырып көруді жоспарлады. Таңғы 5-6 кезінде барып ет әкелетін алыпсатарлардың бағасын біліп, одан базардағы саудагерлердің қосатын бағаларын көрмекпіз. Базар саудагерлері алған бағадан заңға сәйкес 15 пайыздан асырмауы тиіс. Бірақ олардың 50, тіпті 100 пайызға дейін өсіріп жатқаны байқалады. Алайда біздің қолымызда ықпал ету тетігі болмағандықтан, оларға қарсы ештеңе істей алмаймыз. Бар болғаны Монополиялық комитетке байқалған заңбұзушылықтарды бере аламыз», — дейді Еркеш Әленов.

**P.S.** Жалпы, еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми дерегі бойынша, еттің барлық түрлерінің құны орта есеппен 13 пайызға дейін қымбаттаған. Ал биылғы қуаңшылықтың салдарынан әлі қанша қымбаттайтыны белгісіз болып отыр...

Ақмола облысы

# Ashyq тиімділігін көрсетті

**Елімізді ғана емес, әлемді дүрліктірген коронавирус пандемиясынан кәсіпкерлер көп зиян шекті. Дегенмен оларға мемлекеттен көмек берілуде. Бизнесі тоқтап қалмауы үшін Ashyq жобасы қолға алынды. Осы және кәсіпкерлерді толғатқан мәселелер туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен «Карантин және мемлекеттік қолдау жағдайындағы бизнестің жұмысы туралы» брифингте Қарағанды облыстық Кәсіпкерлік басқармасының басшысы Татьяна АБЫЛАЕВА, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар КҮЛПЕЙІСОВ, жедел ден қою орталығының басшысы Қайрат ШОРМАНБАЕВ айтып берді.**

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

**ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ АРТТЫ**

— Өздеріңіз білетіндей, 2 тамыздан бастап Ashyq жобасына қатысушыларға жана ереже қолданылуда. Бұл бағдарлама сүзгі ретінде қызмет етеді, оның мақсаты — қолайлы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жасау және адамдар көп жиналатын жерлерде вирус жұқтырған немесе байланыста болған адамдардың пайда болуына жол бермеу.

Аталған жоба алғашында қоғамдық тамақтану объектілерінде іске асырылды және өзінің тиімділігін көрсетті. Барлығы 50 қатысушыдан бастау алды. Қазір Ashyq-пен 8 мыңға жуық нысан қамтылған, белсенділік бойынша Қарағанды облысы республикада Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан кейін 3-орында тұр.

22 шілдемен салыстырғанда қатысушылар саны 4,2 есе (1 895-тен 7 959-ға дейін) өскен. Сонымен қатар жобаның адал қатысушыларына көшбасшы мәртебесі беріледі, бүгінде өңірде 71 көшбасшы бар. Негізгі критерийлерге 2 аптадағы тіркелу саны жатады, соңғы 2 аптада Қарағанды қаласында 1 000-нан астам және аудан, қалаларда 500 қоғамдық тамақтану орны тіркелген.

Облыс орталығындағы сауда-ойын орталықтарының 25 мыңы

тіркелсе, аудан, қалаларда 10 мыңы тіркелген.

Ақпарат жанартылып, Қарағанды облысының әкімдігі мен Кәсіпкерлік басқармасының сайтында жарияланады, — дейді басқарма басшысы.

**КӨШБАСШЫЛАРҒА ЖЕҢІЛДІК БАР**

Ashyq жобасы бойынша жаңа алгоритмге сәйкес, жүктеуді Цифрландыру министрлігі адам факторын алып тастап, автоматты түрде жүзеге асырады және одан әрі әкімдікке жібереді.

— Мысалы, Ashyq жобасының көшбасшыларына жұмыс уақыты 22.00-ге дейін, ал қарапайым қатысушыларға сағат 20.00-ге дейін ұзартылды. Көшбасшы мәртебесінің ұзақтығы — 2 апта. Сондай-ақ жоба көшбасшылары үшін артықшылықтың бірі соңғы 3 ай ішінде тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды, ауырып жазылған адамдарды қоспағанда, қызметкерлердің кемінде 90% бірінші компонентпен вакцинациялау шартымен объектінің толтырылуын 20%-ға ұлғайту болып табылады.

Бүгінде пилоттық жоба талабының орындалмауына байланысты 314 бизнес нысаны өшірілген. Жобадан шығарылуға 2 апталық жүктеу нәтижелері бойынша объектінің check-in минималды санын көрсетпеу фактісін анықтау, сондай-ақ мониторинг тобы анық-

таған бұзушылықтар негіз болады, — дейді басқарма басшысы. Айта кету керек, пилотқа қатысатын және Ashyq-қа қосылғандар арасында жеңілдік қарастырылмаған бизнес санаттары да бар. Бізде мұндай 594 нысан бар. Бұл бизнестің санасы мен әлеуметтік жауапкершілігін көрсетеді. Қазір бизнестің 145 жана нысаны тестілік режимде өтуде.

Күрделі эпидемиологиялық жағдай кезеңінде бизнестің толыққанды жұмыс істеу мүмкіндігін сақтаудың негізгі тәсілінің бірі — Ashyq қосымшасын кеңінен пайдалану және вакцинациялау.

Бұл — бизнестің кәсіпкерлік қызметтен пайда табу және азаматтардың денсаулығын сақтау мақсатында бизнес-процестерді қайта құрудың жалғыз тәсілі. Біз осы мәселе бойынша кәсіпкерлердің түсіністігіне және қолдауларына үміттенеміз. Бизнестің Ashyq-ты қолданудағы адал көзқарасы мен жауапкершілігі маңызды.

Бизнес объектілері тек Ashyq қосымшасымен жұмыс істей алады — 9 тамыздан бастап Ashyq-пен жұмыс істейтін кәсіпкерлік объектілердің жұмыс уақыты 22.00-ге дейін ұзартылды. Бұл ретте Ashyq көшбасшыларына түн ортасына дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Бұл бизнес-қауымдастықты жоба ережелері бойынша жұмыс істеуге ынталандырады. Қазақстандағы Ashyq жобасының қатысушысы болғысы келетіндер саны күніне



1 000-нан 5 000-ға дейін өсті. Қарағанды облысындағы Ashyq жобасында қазірдің өзінде 9 338 кәсіпкерлік объектісі тіркелді. Оның үстіне олардың 1 000-нан астамы ерікті қатысушылар. Қосымшаға бірнеше азық-түлік супермаркеті қосылды, олар облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің бұйрығына сәйкес қосымшасыз жұмыс істей алады, — дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Еліміздегі 74 мың кәсіпкерлік объекті бүгінде Ashyq жобасына қосылған. Дегенмен карантин тәртібін бұзған кәсіпкерлік иелері жобадан шеттетіледі. Ол 5 критерий бойынша жүзеге асады. Мысалы, жұмыс уақыты белгіленген уақыттан асып кетсе, отбасылық, мерейтойлық іс-шаралар, бетперде режимі сақталмаса және келушілер белгіленген адам санынан асып кеткен жағдайда жобадан шығарылады.

**МОНИТОРИНГ ТОП ЖҰМЫСЫ КҮШЕЙДІ**

— Қарағанды облысы «қызыл аймақта». Денсаулық сақтау жүйе-

сі ауыр жүктемені бастан кешуде, күн сайын облыста 900-ден астам адам коронавирус инфекциясымен ауыруда. Облыстық бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 29 шілдедегі қаулысына сәйкес, карантин шаралары күшейтілді. Осыған байланысты облыстың барлық өңірінде мониторинг тобының жұмысы қарқын алды. Негізгі міндет — инфекцияны таратпау, яғни бетперде режимін сақтау, адамдар көп жиналатын жерлерде: дүкендерде, сауда орталықтарында, ойын-сауық мекемелерінде және басқа да кәсіпкерлік объектілерде карантин шараларын сақтау. Сонымен қатар қолданыстағы санитарлық нормалар мен талаптар бойынша азаматтармен, кәсіпкерлермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Бетперде, жадынамалар тегін таратылуда. Қазір облыста 112 мобилді топ жұмыс істейді. Бұл жұмысқа мемлекеттік қызметкерлер, полиция қызметкерлері, қоғам белсенділері, волонтерлерден 600-ге жуық адам тартылды, — дейді облыстық жедел ден қою орталығының басшысы Қайрат Шорманбаев.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап мониторинг тобы 133 348 нысанды тексерді, 2 130 бұзушылық анықталды, 1 272 айыппұл салынды. Айыппұлдардан алынған сома шамамен 103 миллион теңгеден асты. Шілде айында 330 бұзушылық анықталды, бұл маусымға қарағанда 34 пайызға көп.

— Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың санитарлық талапты бұзу фактісі анықталған кезде мониторинг тобы үйлестіру орталығына ақпарат жібереді, ол СЭК қызметкерлері үшін шұғыл хабарлама жазады. Жыл басынан бері сенім телефонына облыс тұрғындарынан 467 өтініш келіп түсті. Елде қабылданатын шектеу шаралары, сондай-ақ мониторинг және рейдтік іс-шаралар ағымдағы эпидемиологиялық жағдайда өте маңызды. Осыған байланысты адамдар көп жиналатын орындарға бармай-ақ, түсіністік танытуды, саналы болуды, бетперде режимін сақтауды сұраймыз. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз, — деді орталық басшысы.

Қарағанды облысы

## Қазақ телевизиясының қара нары еді



Белгілі журналист, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Қалыбек Атжан 67 жасында өмірден озды. Қалыбек Атжан — қазақ журналистикасының дамуына зор үлес қосып, өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардақты азамат. Оның әрбір сюжетінен ұлттық рух пен туған елге деген жанашырлық байқалып тұратын. Ол осы ұстанымынан айныған жоқ. Елмен етене болып, қашанда халқының сөзін сөйледі.

Қалыбек Атжан 1954 жылы Жамбыл облысы Луговой ауданы Қазақ ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын «Лениншіл жас» газетінде тілшіліктен бастап, «Қазақ» радиосының редакторы, аға редакторы, «Қазақ» радиосы және «Хабар» агенттігінің Шымкент облысындағы меншікті тілшісі, «Қазақстан» РТРК АҚ («Қазақстан-Шымкент» филиалының) директоры, 2008 жылы «Қазақстан» РТРК АҚ «Қазақстан-Тараз» филиалының директоры лауазымын атқарған. «КСРО телевидение және радио ісінің үздігі», Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, ҚР ТРК АҚ-ның «Алтын жаршы» белгісінің иегері.

Айқын газетінің ұжымы Қалыбек Атжанның қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## «Жасыл ел» жастарды жұмыспен қамтыды

Алматы облысының «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары 2020 жылы **Jul serpinі номинациясын** иеленіп, **үздіктер қатарынан көрінген болатын. Биыл да сол қарқынынан тайған жоқ. «Жасыл ел» штабы XVII маусымдық еңбек жұмысын шілде айынан бастап, бүгінге дейін 944 жасты жұмыспен қамтып отыр.**



Облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың мәліметіне қарағанда, «Жасыл ел» құрамында ЖОО-ның 217 студенті, кәсіптік техникалық білім беру орталығының 304 студенті, 245 мектеп оқушысы, 178 жұмыссыз жас бар. 2021 жылы штаб жұмысына бюджеттен 151,6 млн теңгеге жуық қаржы бөлінген.

Өткен бір айда облыс бойынша жастар «Жасыл бақ — таза қала», «Таза өзен — таза жағалау», «Жайқалсын жас терек», «Эко-десант» акцияларын өткізіп, экологиялық тазарту шараларын атқарып, «Армысың, Ардагер»,

«Үлкенге құрмет — кішіге міндет» атты камкорлық акциялары кезінде қарттарға жәрдем көрсетті.

Жалпы, шілде айында жастардың қатысуымен облыс бойынша 156 шақырым арық аршылып, 301 гектар жердің шөбі шабылған, 176 гектар жер тазартылып, коқысы шығарылған.

Сонымен бірге өңірде студенттік құрылыс жасактарының қызметі қайта жандана бастады. Бүгінде облыс көлеміндегі құрылыс жұмыстарында осындай отряд құрамындағы 211 жас жұмыс істеп жүр.

Болат АБАҒАН,  
Алматы облысы

## Қола жүлдегерге көлік сыйға тартылды

Олимпиадада еркін күрестен қола жүлдені жеңіп алған Нұрислам Санаевқа жаңа көлік сыйға тартылды.



Артас), ислам дінін қабылдаған. Сонымен қатар 9 тамыз күні елімізге Токиодағы Олимпиада ойындарында сынға түскен қазақстандық өзге де спортшылар оралды.

А.АЙДАРҚЫЗЫ

# Алтынсыз, күміссіз Токио

Токио Олимпиадасы да мәресіне жетті. Еліміз қатысқан жетінші жазғы Олимпиада ойындары тұңғыш рет алтынсыз, күміссіз аяқталды. Сегіз қоланы қанағат тұттық. Дүбірлі додада Қазақстаннан барған 93 саңлақ 28 спорт түрі бойынша бақ сынады.

Абылайхан ЖҰМАШ

Айта кетейік, бұл — ел спортшыларының қатысуымен өткен жазғы Олимпиада ойындарындағы ең төменгі көрсеткіш. Қазақстан құрамасының бұған дейінгі Олимпиададағы көрсеткішіне тоқталар болсақ, Атлантада (1996 жыл) — 3-4-4 (11), Сиднейде (2000 жыл) — 3-4-0 (7), Афинада (2004 жыл) — 1-4-3 (8), Бейжіңде (2008 жыл) — 2-3-4 (9), Лондонда (2012 жыл) — 3-1-7 (11), Рио-де-Жанейрода (2016 жыл) — 3-5-10 (18) жүлдеге ие болдық.

Өкінішке қарай, Токиоға барған қазақстандық 9 боксшының ешқайсысы финалға шыға алмады. Осылайша, 1996 жылдан бері қатысқан Олимпиада ойындарында бокстан алтынсыз қайтпаған боксшыларымыз тұңғыш рет актық сынға жетпей сүрінді.

Олимпиада қорытындысы бойынша, медальдар есебінде АҚШ құрамасы 1-орын алды — америкалықтар 113 медаль еншіледі. Бұған дейін көш бастап тұрған Қытай 2-орынға сырғыды — 88 медаль. Үздік үштікті Олимпиада қожайыны Жапония түйіндеді — 58 медаль.

Қазақстан құрамасы медальдар есебінде Намибия мен Түрікменстанды алға шығарып, сегіз жүлдемен 83-орын алды. Көрші елдермен салыстырсақ, Ресей (20-28-23) 5-орынға тұрақтады. Ал 3 алтын мен 2 қола медаль еншілеген Өзбекстан 32-орынға тұрақтады. Қырғыз елі 2 күміс, 1 қола жүлдемен 70-орынға жайғасты.

Жарыстан соң спорт журналистерінің қойған сауалына грек-рим күресінде Қазақстан құрамасын бас бапкері Бақтияр Байсейітов «жігіттерді бұл Олимпиадаға бабында апаруға маған уақыт жетпей қалды» деп ақталып, барлық жанкүйерлерден кешірім сұраған. Өзге де спорт түрлерінен спортшыларды жарысқа апарған бірқатар бапкерлер елге келген соң кателіктермен жұмыс істейтінін жеткізген.

## «Абай мерейтойы» – тарихи-деректі жинақ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты таяуда ұлы ақынның өткен жылғы тарихи мерейтойы шараларын жүйелеп, дестелеп, сала-салаға бөліп, тамаша альбом-жинақ шығарды.

«Абай мерейтойы» деп аталатын деректі-танымдық еңбек А.Құнанбайұлының 175 жылдық мересінің тынысы мен айрықша сәттерін қамтыған. «Қазақтың бас ақынының» (А.Байтұрсынұлы анықтамасы) тойы — тәуелсіз Қазақстан рухани жаңғыруының белді шарасы болса, жинақ та елдің дана рухына табызым, мерейтой ерекшеліктерін дәлелмен жан-жақты көрсетіп, көрнекілік пен ақпараттық негізді қатар ұстанған.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың бастама-сымен әлемдік және ұлттық деңгейде сәтті өткен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы ақын мұраты мен бүгінгі Қазақстанды үндестіріп, мемлекеттің мәдени дамуының жаңа басымдықтарын айқындады. «Той — тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізіледі» деген Мемлекет басшысының тұжырымы қоғамды интеллектуалдық береке-бірлікке жұмылдырды.



Олимпиада ойындарында қазақстандық боксшылардың жеңілуі — көп елдер күтпеген тосын жағдай болғанын сөз еткен Delcotimes.com порталының редакторы Джек МакКаферри Қазақстан құрамасы Токиода бокстан басты фавориттердің бірі саналғанын айтады.

— Токиодағы Олимпиада ойындарында көпшілік күтпеген жағдай көп тіркелді. Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Василий Левиттің испаниялық боксшыдан жеңілуі де, сонымен қатар қазақстандық бірнеше боксшының жарысты ерте аяқтауы да кішігірім сенсацияға балады. Менің білуімше, Қазақстан құрамасы әуесқойлар арасындағы кез келген бәсекеде фавориттер қатарында жүретін еді. Бірақ осы Олимпиададағы көрсеткіші өте нашар. Осындай төмен көрсеткішке не жағдай әсер еткенін нақты айта алмаймын. Мүмкін бапкерлер боксшыларды дұрыс ойлаймай алмаған шығар. Стратегия дұрыс тандалмаған да болуы

мүмкін. Боксшылар да уайымын жеңе алмауы ықтимал. Жалпы, фактор көп. Бірақ қазақстандық боксшылардың бұл нәтижесі көп маманды таңғалдырды, — дейді МакКаферри.

Ал отандық спорт мамандары бұл сәтсіздікті көп жағдаймен байланыстырып отыр. Ислам Байрамуков спортшылардың оқу-жаттығу жиындарын өткізген Талғардағы база мен Токионың теңіз деңгейінен 1 600 метр аралықта орналасқанын, спортшылардың да жарысқа ынғайсыз уақытта аттанғанын тілге тиек етті.

— Жалпы, спортшылар жарысқа барарда әр айдың 6,7,8-іне түсіп қалса спортшылардың басы ауырып, аяқ-қолы жұмыс істемей қалатын кездері көп болады. Спортта осындай күндерді есептеп отырған дұрыс. Біздің балуандардың жарыс кезінде сылбыр өнер көрсетуіне осы жағдай әсер етті деп ойлаймын. Алматы Токиоға теңіз деңгейінен 1 600 метр жерде

орналасқан. Ал Оралмен арасы 34 метр. Сондықтан біздің спортшыларға Оралда жаттығу жұмыстарын өткізетіндей жағдай жасау керек еді. Оны ешкім ескерген жоқ. Ал Ресей құрамасы соңғы жаттығуын Владивостокта өткізді. Ол жердің уақыт белдеуі де Токиомен бір-біріне сәйкес келеді. Осындай жағдайды басты назарда ұстамағанымыз өкінішті. Бапкерлердің еңбегі 4 жылда өтетін жарыс кезінде зая кетті. Елге келген соң үлкен кеңес құру керек. Ғылыми түрде зерттеп, Ұлттық олимпиада комитеті бәрін қолға алып, кешіліктерді талқылау керек, — дейді 2000 жылғы Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері.

Ал спорт журналисі Бек Төлеу спорт саласын қаржыландыру жүйесі өзгергенін, осы тұста көптеген қателікке жол берілгенін сөз етті.

— Елімізде көптеген спорт түрлері бойынша кадр, маман тапшылығы байқалады. Өйткені Кеңес Одағы тұсында жұмыс істеген азаматтардың көбі зейнет жасында. Олардың ізін басатын мамандар жоқтың қасы деуге болады. Әсіресе, бапкерлердің айлықтары, балалар спортын жаттықтырып жүрген мамандардың жалақысы төмен. Байқасаныздар, Олимпиадада ең көп медаль беретін спорт түрі — жеңіл атлетика, суға жүзу. Ал бұл салаға бізде жеткілікті түрде көңіл бөлінбейді. Аталған спорт түрлерінен Токиоға барған спортшылардың саны да өте аз. Енді мына қызыққа қараныз, кедей деген Кения мен Ямаиканың медаль саны көп. Өйткені спортшылары бір ғана жеңіл атлетикамен 5-6 алтын алып жатыр. Осыдан-ақ елімізде спорт саласының қай деңгейде екенін аңғаруға болады, — дейді ол.

Иә, Токио төрінен алтынсыз, күміссіз қайттық. Ұлттық құрама сапынан қола жүлдені боксшылар Сәкен Бибосынов пен Камшыбек Қоңқабаев, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло, дзюдошы Елдос Сметов, каратешілер Дархан Асаділов пен Софья Берульцева және еркін күрес шебері Нұрислам Санаев иеленді. Қалай дегенмен де бұл дода қазақ спортында өзекті мәселелер бар екенін аңғартты. Ол мәселе алдағы уақытта ескеленіп, зерттеліп, тиісті шешім шығарылады деп үміттенеміз. Алел намысын абыроймен қорғаған 8 спортшыға айтар алғысымыз зор.

NM

NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі —  
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —  
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3974  
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй  
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114